



MEMLEKETTİK
KIRISTER
KOMITETI

КІРІСТЕР
ҚЫЗМЕТІ





MEMLEKETTİK KIRISTER KOMITETİ

«КІРІСТЕР ҚЫЗМЕТІ»
ЖУРНАЛЫ
№ 19, 25.06.2025

Ғылыми-практикалық журнал
жылына 4 рет шығады

Журнал ұйымдастырушысы:

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті

Шығарылымға жауапты:

ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығы

Редакциялық алқа:

Абилова Б.Н.

ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік
орталығының басшысы

Қожабергенов Е.К.

ҚР ҚМ МКК Халықаралық ынтымақтастық
басқармасының басшысы

Касымкулова Л.Т.

ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік
орталығы басшысының орынбасары

Абылкасымова С.Ж.

ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік
орталығы басшысының орынбасары

Ташетов М.Д.

ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығы
Цифрландыру және қашықтықтан
оқыту бөлімінің бас маманы

Бижигитова А.К.

ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығы
Талдау және құқықтық жұмыс
бөлімінің бас маманы

25 маусым 2025 жыл

Журнал 2020 жылдан бастап шығарылады

Астана қ., Республика даңғ. 60,

ҚР ҚМ МКК ОӘО, 010000

Тел/факс: (7172) 39-66-09

E-mail: umc01@mail.ru

www.kgd.gov.kz



MEMLEKETTİK KIRISTER KOMITETİ

«КІРІСТЕР ҚЫЗМЕТІ»
ЖУРНАЛЫ
№ 19, 25.06.2025

Научно-практический журнал
выходит, 4 раза в год

Учредитель журнала:

Комитет государственных доходов
Министерства финансов Республики Казахстан

Ответственный за выпуск:

Учебно-методический центр КГД МФ РК

Редакционная коллегия:

Абилова Б.Н.

Руководитель Учебно-методического
центра КГД МФ РК

Кожабергенов Е.К.

Руководитель Управления международного
сотрудничества КГД МФ РК

Касымкулова Л.Т.

Заместитель руководителя
Учебно-методического центра КГД МФ РК

Абылкасымова С.Ж.

Заместитель руководителя
Учебно-методического центра КГД МФ РК

Ташетов М.Д.

Главный специалист отдела цифровизации и
дистанционного обучения Учебно-
методического центра КГД МФ РК

Бижигитова А.К.

Главный специалист отдела анализа и
правовой работы Учебно-методического
центра КГД МФ РК

25 июня 2025 год

Журнал издается с 2020 года

г. Астана, пр-т Республики 60,

УМЦ КГД МФ РК, 010000

Тел/факс: (7172) 39-66-09

E-mail: umc01@mail.ru

www.kgd.gov.kz



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

«Кірістер қызметі» журналының он тоғызыншы саны Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне арналады.

Сыр өңірі бүгінгі екі ғасырға жуық уақытты артқа тастап, Алты алаштың басын қосып, қаймағы бұзылмаған, бірлігі мен ұлт тұтастығының алтын діңгегі, қазақ халқының қасиетті мекеніне айналып отыр.

Бұл өңірді қозғасақ, Бүкіл түркі әлемінің абызы атанған Қорқыт бабамыздың, сырдың жағасында сырын ішіне бүккен Сауранның, маң төбелер астында сауда айлағы болған Сығанақ қаласы сияқты тарихи жерлердің отаны екені белгілі.

Журналымыздың келесі шығарылымы, осындай тарихы терең Қызылорда өңірінің - Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, Ұлы жеңістің 80 жылдығы, Байқоңыр ғарыш аймағының ашылғанына 70 жыл толу мерейлі сәттеріне сәйкес келіп отырғаны қуантарлық жағдай. Бұл тарихи даталардың ұлт тарихында алар өзіндік орны мен маңызы зор.

Оқырмандар назарына өлкенің тарихи-мәдени ескерткіштері, қаланың әсемде көрікті ғимараттары және өз кәсібіне адал, күнделікті қажырлы еңбегімен ел игілігіне елеулі үлес қосып жүрген мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкерлері мен ардагерлерін таныстырып, ұжым арасындағы өткізілген тартымды сәттерді ұсынып отырмыз.

Сонымен бірге, 2025 жылдың 1 тоқсанының көрсеткіштеріне сәйкес, республика көлемінде аумақтық департаменттер арасында Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жұлделі 1 орынды иеленіп отыр. Әрине, қандай да бір жетістікке жету ұжым қызметкерлерінің үйлесімді еңбегінің арқасы деп білемін.

Алдағы уақытта да биік белестерді бағындырады деген сенім білдіріп, қызметкерлерге зор денсаулық, жанұяларыңызға береке-бірлік, еліміздің өркендеуі жолындағы қажырлы еңбектеріңізге жетістік пен сәттілік тілеймін!

Жандос ДҮЙСЕМБИЕВ,
ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАНДАР!

«Кірістер қызметі» web-журналының кезекті он тоғызыншы шығарылымы Ұлы жеңістің 80 жылдық мерей тойымен тұспа-тұс келуімен қатар жарияланып отыр.

Тарихы терең Ұлы Жеңіске 80 жыл толу айтулы мереке - сан мыңдаған жанның жан-қияр ерлігін еске алумен қатар, тылдағы қажырлы еңбекті дәріптеудің, ұрпаққа тағылым қалдырудың жарқын айғағы.

Сыр елінің Ұлы Жеңіске қосқан үлесі – ұлтжандылықтың, еңбекқорлықтың, бірліктің үлгісі болып қала бермек. Бұл ерлік пен еңбектің шежіресі ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

Осы орайда кезекті web-журналымыздың «Өңірлер» айдарында Алаштың анасы атанған киелі Сыр елінің тарихынан сыр шертіп, өткенге тағзым, болашақ үшін маңызды сәттерімізді атап өтуді жөн көріп, еліміздің өркендеуіне тиісті үлесін қосып отырған Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің қызметін Сіздердің назарларыңызға ұсынғалы отырмыз.

Салық – мемлекет экономикасын дамытуға қажет қуатты экономикалық тетік. Ел қазынасын еселеп, бюджет түсімі мен мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – кірістер органдарының басты міндеті болып табылады. Қиындығы да, қызығы жетерлік кәсібімізге қойылар басты талаптың бірі – салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру арқылы сапалы әрі мәдениетті басқару.

Дәл осындай, бір мақсатқа жұмылған ұжым, аз уақыттың ішінде қызметінің барлық саласында ілгерілеуге қол жеткізіп, заман талабына сай дамуда. Алға қойылған міндеттері де орасан. Оларды орындауға қажетті кәсіби біліктілік, қажырлылық пен жетістікке деген ұмтылыс біздің сала майталмандарының бойынан табыларына сенімім мол.

Осынау сәтте сала қызметкерлерін, барша әріптестерімді web-журналының кезекті шығарылымымен құттықтай отырып, ел қазынасы – бюджетті қалыптастырудағы тынымсыз еңбегімізге табыс тілеймін.

Ғани АМАНОВ,
Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ**

БАСШЫЛЫҚТЫҢ БІРЛІГІ – ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗІ

ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ



Бекішев Әділбек Ерғалиұлы



Бекшин Қуанышбек Махметұлы



Елеманов Асқар Сейдекәрімұлы





ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ



СЫР БОЙЫ - ҚАСИЕТТІ, ҚҰТТЫ МЕКЕН

Алаштың анасы атанған Сыр өңірі қазақ баласына есте жоқ ескі замандардан бері құтты қоныс болып келгені кім-кімге де мәлім. Қаратаудан Қарақұмға дейінгі байтақ даланың сусынын қандырып, Қызылқұм асып, айдынды Арал теңізінің шөлін басып жататын қасиетті Сыр суының жағалаулары «жеті жұрт қонып, жеті жұрт көшкен шежірелі өлке. Кәрі тарихқа көз жіберсек, ежелгі дәуірлердегі Сырдария өзені Яксарт, Сейхун деген атаулармен белгілі болса, Қазақ хандығы тұсында халқымыз сүйікті Сырдың қасиетін бағалап, «аты жақсы дария» деп те атаған екен. Олай болатын жөні де бар. Қазақтардың ата-бабалары саналатын байырғы сақтардың діни-рухани орталығы Шірік-Рабат, Бәбіш-мола, оғыздар мен қаңлы-қыпшақтардың басты байтағы Жанкент, Сығанақ, Баршынкент, Өзгент, Сауран, Жент, Қосасар, Жетіасар, Алтынасар сияқты ортағасыр шаһарлары мен қамалдар Сырдарияның төменгі ағысын бойлай орналасқан.

Сырдың оң қапталы мен сол жағалауына қоныс тепкен көне кенттердің санынан тарихшы, археолог ғалымдардың өзі де шатасып жатады.

Расында, бүгінде сыры мен жұмбағын бауырына басып, төбе-төбе құм төбешіктердің астында мүлгіп жатқан сансыз қалашықтардың орнында қаншама тарих көшінің теңі шешілместен жатыр десеңші!

Ал «аты жақсы дариядан ары өтейік» дейтіні ел басына қиын кезең туғанда көшпелі халқымыз Қаратау етегінде Құрылтай шақырып, алдағы күнді ақылдасыпты. Жау мен жұттан құтылудың бір амалы қолдағы малдың ту-қысырақтарын ғана іріктеп, Сырдан өтіп, ежелгі Жиделі Байсын өлке-сіне қоныс аударатын болған.

Елдің, жердің шежіресі бір-бірімен ажырағысыз сабақтасып, сан ғасырлар бойына ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға аңыз боп айтылып келеді. Қараспанды айтсаң, ойыңа Қорқыт ата немесе Қобыланды еске түседі.

«Қараспанды су алдырған» Ұлы қобызшы, ілкі бақсы бейнесі де, «Қараспан тауын жайлаған» қарақыпшақ батырының іс-әрекеті де Сыр бойындағы өткен тарихпен біте қайнасып жатыр.

Осы орайда, Сыр бойында орналасқан Қорқыт Ата тарихы мен кешенінің мән-мағынасына тоқталмасқа болмас...

Қорқыт Ата туралы аңыз әңгімелер

Аңыз бойынша, анасы Қорқытты құрсағында үш жыл бойы көтеріп жүріпті. Жылына бір рет толғақ қысып отырады екен. Қорқыт дүниеге келер алдында әлемді үш күн, үш түн бойы көзге түртсе көргісіз қараңғылық басады. Сұрапыл қара дауыл соғып, ел-жұртты қорқыныш сезімі билеген. Осыған орай баланың атын “Қорқыт” деп қойған дейді. “Қорқыт” сөзінің этимологиясын Ә.Қоңыратбаев “құтты адам, құт әкелетін адам” деп көрсетсе, Е.Тұрсынов түркі халықтарының фольклорына сүйене отырып, “дада, деде” деген сөздерді “насихат айтушы жырау” деп түсіндіреді. В.Жирмунский Қорқыт Атаны магиялық аспап – қобыздың иесі, шаман, абыз ретінде қарастырады. Қорқыт атаның тарихи тұлға екенін растайтын жазба ескерткіш – “Қорқыт Ата кітабы” (“Китаби дәдәм Корқуд”). Онда Қорқыт Ата жырау, ақылгөй, данышпан, көсем, бақсы, күйші ретінде көрінеді. Кітаптың басында Қорқыт атаның нақыл сөздері келтіріледі. Ол “өмір барда өлім бар, өзгеру бар, өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ, бәрі де өледі, өзгереді, ұмыт болады, тек мәңгі-бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе – адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі” деген екен.

Қорқыт Ата ескерткіші – сәулет өнерінің айрықша үлгісі.

Кешеннің құрылысы 1980 жылы басталды. Авторлары – Б.Ә. Ибраев, С.И. Исатаев.

1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Амфитеатр, қылует, қошқар мүсінінен тұратын тұтас сәулеттік ансамбль жасалып, мемориалдық кешенге айналды. 2000 жылы кешен жанынан мұражай және әкімшілік ғимараты ашылды. Осы жылдан бері облыстық музейдің филиалы ретінде қызмет көрсетіп келеді. 2014 жылы облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, кешенге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде кешеннің маңызды нысандары мұражай, қылует, амфитеатр, бағана, қошқар мүсіні қайта жаңғыртылды.





Стелла – қобызды бейнелейтін төрт элементтен тұрады. Биіктігі 12,1 метр, ені 5,3 метр, қордай тасынан дайындалған. Әрбір бағаналар әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін бағаналар қобыз бейнесін де меңзейді. Түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Аңыздарда айтылғандай, Қорқыт Ата мазарында соққан желге үн қосатын қобыз қойылған. Қорқыт Ата ескерткішінің ішкі жағы мәңгілік өмір сырын іздеген Қорқыт атаның киелі желмаясының шартарапқа жол тартқан ізін бейнелейтін «Түйе табан» өрнегімен безендірілген.

Қошқар мүсіні – диаметрі 36,4 метрді құрайтын шеңберлі алаңда орналасқан. Мүсіннің ұзындығы – 165,5 см, ені – 85 см, биіктігі – 120 см. Қордай гранитінен қашалған мүсін – биіктігі 220 см бес деңгейлі тұғырға қойылған. Тұғырдың мүсін қойылған алаңқайының көлемі – 200x90 см. Қошқар ежелгі арии мен қазақ мифологиясында көктәңірінің олжасы мен теріс күштерден қорғаушы символы болып табылады.

Қылуат – оңаша тілек тілейтін жер асты мінәжат үйі. Қабырғаларында шағын қуыстар бар. Намаз оқитын бөлмеге баспалдақ арқылы түседі.

Амфитеатр – түрлі ойындар мен сайыстарды тамашалауға арнап көне Рим дәуіріндегі архитектуралық құрылыс үлгісінде салынған. Амфитеатрдың ортасында дөңгелек алаң бар. Көрермендер орындары тұйық шеңберленіп келеді де, сатылай көтеріле береді. Амфитеатрдың өлшемдері: 536 м², астыңғы диаметрі: 6 метр, үстіңгі диаметрі: 25 метр.

Мұражай – құрылымы бір қабатты, жоспары Г әрпі тәрізді. Өлшемдері 15,9x14 метр. Ғимарат 3 экспозициялық залдан тұрады. Онда Қорқыт өмір дәуірдің тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін құндылықтар мен жәдігерлер қамтылған. Мұражай қорында 700-ге жуық экспонат сақтаулы.

Бағаналар, қылуат, амфитеатр орналасқан биіктетілген алаңқай гранитпен жапсырылған биік бетон қабырғамен қоршалған. Кешеннің осы бөлігінің қоршау көлемі 74,22x67,18 м., биіктігі 3,9 м.

Кешен түркі тілдес елдердің тағзым ететін қасиетті орны және күрделі сәулеттік өнер туындысы ретінде ерекше маңызға ие.

ШІРІК-РАБАТ ҚАЛАШЫҒЫ

Шірік Рабат-Қазақстандағы көне қала орны, археологиялық ескерткіш. Шірік Рабат қаласы-ең көрнекті ескерткіш. Қаланы алғаш рет Лерх ашқан. 1946-49 ж.ж. Хорезм археол.-этнограф экспедициясы зерттеген. Шірік-Рабатты зерттеуде ғалым-археологтар С.П.Толстов, Л.М.Левина, Б.И.Байнберг 5 жерден қазба жұмыстарын жүргізді. Ұзындығы 850м, ені 600м болып келген жазық төбеде орналасқан қала. 42га жерді алып жатыр. Төбе бірнеше қатар дуалдармен, екі қатар бекініс жүйесімен күшейтілген. Қаланың бүгінде сақталған дуалының қалыңдығы 4,5м, оған атқыштар үшін айналма жол шығарылған. Дуалдың бұрыш-бұрышындағы ені 6 метрлік Қарауыл мұнараларынан оқ ататын ойықтар шығарылған. Дуалдардың сыртынан айналдыра ор қазылған. Оның тереңдігі 4,5м, ені 4м, қаланың ортасында 12га болатын төрт бұрышты бекініс-қамал (аум. 60м, биіктігі 3,5м, қамал; ауд. 32х32м, биіктігі 7,5м) шаршы үлгісі (15х15) екі бөлмелі үй, күзет мұнарасы, көптеген құрал-жабдықтар табылған. Қала б.з.б.ІІ- Vғ б.з. ХІІІ ғасырына жатады. 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2004 жылдан Шірік Рабатты Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) зерттей бастады.

Қаланың бүгінде сақталған дуалының қалыңдығы 4,5м, оған атқыштар үшін айналма жол шығарылған. Дуалдың бұрыш-бұрышындағы ені 6 метрлік Қарауыл мұнараларынан оқ ататын ойықтар шығарылған. Дуалдардың сыртынан айналдыра ор қазылған.








Жетіасар мәдениетінің ескерткіштері

Жетіасар – б.з.б III-I ғасырлардағы қаңлы тайпаларының орналасқан аймағы (Қытай деректерінде Кангюй деп кездеседі).

Бұл Қызылорда облысында орналасқан көне қалалар орны, олар толық сақталмай тек топырақ үйінділері түрінде жатқандықтан асарлар деп атаған. Бұл ескерткіштертердің өзіндік ортақ ұқсастықтарына қарай зерттеушілер бір мәдениетке топтастырып, олардың негізгі бөлігі шоғырланған Жетіасар шатқалының атымен атаған. Бұл аймақтан Бидайық асар, Сорлы асар, Домалақ асар, Үңгірлі асар, Томпақ асар, Қара асар, Жалпақ асар, Тікасар, Тас асар, Қосаасар барлығы 50-ге жуық қала мен жүздеген обасы бар қорымдар және суландыру жүйелерінің орындары анықталған. 1946 жылы С.П. Толстовтың басқарумен Хорезм архелогиялық этнографиялық экспедициясы Сырдарияның ежелгі солтүстік арналары Қуаңдария мен Ескідариялыққа қарай жүріп, жетіасар кешенінің қалаларын ашты.



Сығанақ қаласы

Сырдарияның орталық ағысында орналасқан өз кезінде қыпшақтардың (XI-XV), одан кейін Ақ Орданың, одан соң қазақ хандығының астанасы болған атақты қалалардың бірі – Сығанақ. Қала Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының жерінде XVI ғасырдағы атақты тарихшы Фазлалах Ибн Рузбихан Сығанақ қаласының жанынан Дешті Қыпшақ басталады дейді. Сонымен бірге, ол Сығанақты Дешті Қыпшақтың астанасы деп жазады. Олар (қыпшақтар – С.Ж.) бұл қалада сауда жұмысының дамуына ылғи да қызу араласады. Шындығында қыпшақтар мен қимақтар Сығанақ қаласында және оның аймағында тұрақты тұрған.

X ғасырдағы атақты араб жағрафиятанушы, ғалым Ал-Идриси Сырдария бойындағы ғұндардың (оғыздардың – С.Ж.) қалаларының көптігін жаза келіп, олардың ішіндегі «Сауран, Сүткент, Сығанақ ірі қалалар еді. Ал Сығанақ нағыз сауданың қайнаған ортасы», деп ерекше көрсеткен. Сығанақ қаласынан зиялы, білімді ғалымдар да шыққан: Шайқы баба Сығанаки алғаш Хорезмде тұрса, кейін осы Сығанақта орын тепкен, біраз жыл Жент қаласында да тұрыпты. Бұл қалада Хусам ад Дин ас Сығанаки осы ғалымның үлкен атасы Нисамиддин де (1132-1199) өмір сүрген. Бұл ғалым өзінің атақты діни шығармалары «Нихая» мен «Хидая» кітаптарын осы қалада жазған. Бұл еңбектерге оның немересі Хусамаддин талдау жасаған.

Жерімізде мемлекеттік ұжымның пайда болуы б.д.д. ғұн, сақ, үйсін, қаңлы дәуірінен басталып, түркі дәуірінде өркендей түскенін тарихтан білсек, ал қазақ атты мемлекеттің пайда болуы оның астанасы Сығанақ белгілі болғанын XIV ғасырдың 30-40 жылдарынан білеміз. Сонда қазақ елінің алғашқы астанасы Сырдарияның орталық ағысында оң





жағында 15 шақырым қашықтықта орналасқан Сығанақ қаласының астаналық қала атануы, міне, 670-680 жылдар шамасында болып отыр.

Араб жазба деректерінде қала X ғасырдың соңғы кезінен белгілі, ал атақты түркі тіл білімінің ғылыми негізін қалаушы Махмуд Қашғаридің (XI ғ.) еңбегінде Сығанақ деген атымен белгілі. Қытай деректеріне қарағанда, қала тұрған жер б.д.д. III-II ғасырларда Қаңлы мемлекетінің бес облысының бірі

Фуму жері болған. Ол қазіргі Жаңақорған мен Қазалы аудандарының аралығы. Қала Жаңақорған кентінің солтүстік-батыс жағында 40 шақырым жерде орналасқан. Бұл дерек Сығанақ қаласының алғашқы кезі б.д.д. сол қаңлылардың кезінен басталды ма деген ой туғызады.

Теңгелердің әр жердегі қалалардан табылуы Сығанақ қаласының дүниенің төрт бұрышымен сауда қарым-қатынасын үзбей жүргізіп отырғанын байқатады. Сондықтан да Фазлаллах ибн Рузбихан Сығанақ қаласы Дешті қыпшақтардың астанасы болды деп бекер айтпаған. Соңғы кездегі Отырар мен Құйрықтөбе қалаларынан табылған мыс теңгелердің XV ғасырдың соңында XVI ғасырдың басында Сығанақта шығарылғанын көрсетеді. Ал бұл мезгіл Сығанақтың Қазақ хандығының астанасы болған кезі.

«Оқшы ата» мешіті

Шиелі ауданында орналасқан. Құрылысы 1999 жылы басталып, 2000 жылы аяқталды. Аумағы 750 шаршы метр, биіктігі 8 метр. Мұнарасы 3,5 метр, 12 терезе, 5 есігі бар. Айналасы көгалдандырылған. Тыста 50 адамдық асханасы бар. Сырты ақ қышпен әшекейленіп, өрілген. Айналасы темір шарбақпен қоршалып, жеміс ағаштары отырғызылған. Суарылып, күтімге алынған. Сыртқы терезелерінің әрқайсысы биіктігі 2,5, ені 1 метр. Намаз оқитын залдың көлемі 18x10, әйелдер бөлмесі 8x5, балалардың дәріс бөлмесі 2x3, имам бөлмесі 2x3, дәліз 3,6x5 метр.

Құмқала I қалашығы

Типологиялық тиістілік: Археология

Ескерткіштің кезеңділігі: XII-XIV ғғ

Ескерткіштің орналасқан жері: Аққолқа ауылынан оңтүстік батысқа қарай 15,2 шақырымда орналасқан.

Тарихи деректер: Ортағасырлық Құмқала I қалашығы XII-XIV ғасырларда өмір сүрген қаланың орны. Аталған қала Жаңадария өзенінің сол жақ жағасында, Жент қаласының оңтүстік-шығыс жақ бетінде 12 км. жерде орналасқан. Заманында қаланы биік әрі қалың етіп соғылған қорған-дуал қоршап тұрған, қорғанның сілемдері мен мұнара құландылары қазіргі уақытқа дейін жақсы сақталған.

Ескерткіштің сипаттамасы: Құмқала топографиялық құрылымы жағынан дұрыс емес төртбұрышты болып келген. Қаланың жалпы көлемі 300x400 метр. Саз балшықтан соғылған қорған күзет мұнараларымен бекіністелген.



Қаланың солтүстік-шығысында қам кірпіштен мазар тұрғызылған. Мұнара құландыларының диаметрі 10-12 метрден 15-18 метрге дейін. Олардың бір-бірінен ара қашықтығы 35-40 метрге жуықтайды. Қаланың қақпалары қорғанның оңтүстік-шығысында, оңтүстік жақ беттің дәл ортасында және оңтүстік-батыс қапталында орналасқандығы аңғарылады. Қаланы үш жағынан қоршаған қорғандардың іздері сақталған, ал батыс жақ беттің қорғаны жел-құздың әсерінен жермен-жексен болып шөгіп кеткен. Қорғанның солтүстік жақ қанатында қаланың бас қақпасы орналасқан, ол қақпаны уақытында қорғанның сыртына шығыңқы етіп салынған күзет мұнарасы қорғап тұрған. Қаланы түгелімен, айнала қорғанның түбінен қорғаныс мақсатында қазылып, су толтырылған және тереңдігі 2,5 метр болатын ор қоршаған. Қала ішіне тұрғын үйлер жиі орын теуіп, көше аулаларға тарамдалған.

Жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіш деп танылған.

Құмқала II қалашығы

Типологиялық тиістілік : Археология

Ескерткіштің кезеңділігі: XII-XIV ғғ

Ескерткіштің орналасқан жері: Аталған қала Жаңадария өзенінің сол жақ жағасында, Аққолқа ауылының оңтүстігінде 30-32 шақырым жерде орналасқан.

Тарихи деректер: Солтүстік жақ бетінде үлкен алаңша орналасқан. Қала маңы заманында гүлденген бау-бақшалар мен егіні жайқалған алқаптармен қоршалған.

Бұл қаланың орнын 1960 жылы бірінші болып тауып, әрі зерттеген ХАЭЭ экспедициясы. Бірақ қазба жұмыстары жүргізілмеген. Археологтар қаланың үстіңгі мәдени қабаттарының деректері негізінде қаланың жасын шамамен XII-XIV ғасырларға мерзімдейді. Құмқала II қалашығын екінші қайтара 1990 жылы Қазақ ССР-ы Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтының археологиялық экспедициясы тауып зерттеген.

Ескерткіштің сипаттамасы : Аталған қаланың басқа қалалардан айырмашылығы сол, бұл қалаға айнала ешқандай да фортификациялық құрылыстар (қорғандар, қамалдар) салынбаған. Қаланың жалпы көлемі 200х155 метр. Шамамен 60х50 метр болатын ірі ғимараттан және оған қосарлана орналасқан майда үйлерден тұрады. Қала орталығында орналасқан ғимараттың бөлмелері мен дәліздерінің ізі айқын аңғарылады.

Ескерткіштің мәртебесі: Жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіші



Рабат қатын қалашығы

Типологиялық тиістілік :археологиялық

Ескерткіштің кезеңділігі: XII-XIIIғғ

Ескерткіштің орналасқан жері: Рабат қатын қалашығы Аққыр ауылының шығысында 5 шақырым жерде орналасқан ортағасырлық бекініс.

Тарихи деректер: Жергілікті тұрғындарға Қатын қала деген атпен белгілі. Әдебиетші-ғалым, профессор Ә.Қоңыратбаевтың жазуы бойынша, Қатын қала бекінісі XII-XIII ғасырларда Хорезм мемлекетінің билеушілері хорезмшахтардың Қуаңдария бойындағы жазғы резиденциясы болған. Қала тұрғындар бекіністің сыртына егін еккен деген болжам бар.

Ескерткіштің сипаттамасы: Қала қам кесектер қаланып, сабан мен малдың майда сүйектерін қосып илеген қам кесектерден қалаған. Кей деректерде айран, сүт, жылқы қыл қосылып илеп сылаған.

Ескерткіштің мәртебесі: Жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіші





*Сыр елі — ақ маржан күріш пен
су маржаны балықтың отаны*







4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті атынан сіздерді, Мемлекеттік рәміздері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мемлекеттік кірістер органдары веб-журналының маусымдық кезекті шығарылымы Қызылорда облысына арналады!

Бұл күн – туымыздың биікте желбіреп, елтаңбамыздың еңселі тұруы, әнұранымыздың асқақ естілуі арқылы Отанға деген шексіз сүйіспеншілік пен патриотизмді ұлықтайтын маңызды мереке.

Әнұран – халықтың жүрек қалауы мен болашаққа деген сенімнің үні.

Мемлекеттік Ту – тәуелсіздіктің көк аспаны, еркіндіктің символы.

Елтаңба – елдік пен бірліктің, тарих пен рухтың белгісі.

Бұл рәміздер – егемендігіміздің, бірлігіміздің және мемлекеттігіміздің мызғымас негіздерінің көрінісі. Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы.



23 маусым - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметкерлер күні!

Мемлекеттік қызметкерлер алдына үлкен мақсат қойылды. Мемлекеттік кірістер органдары алдында - салықтар мен бюджетке түсетін кедендік түсімдердің көлемін ұлғайту, елдің экономикалық қауіпсіздігін нығайту, көлеңкелі экономикадан шығу тұр.

Мемлекеттік кірістер органдары салықтық және кедендік түсімдердің жоғары қарқынын сәтті қамтамасыз етуде. Елдің әл-ауқаты, әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру және қоғамдағы тұрақтылық көбінесе мемлекеттік кірістер органдары қызметінің тиімділігіне байланысты. Сіздер күн сайын адамдармен жұмыс істейсіздер және қоғам үшін маңызды шешімдер қабылдайсыздар, өзектілікті жоюға және қаланың, облыстың және жалпы елдің әл-ауқатын дамытуға үлес қосасыздар.

Мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асыру, асқақтату. Әрбір өркениеттің төріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу мәртебелі міндет.

Әрбір өркениеттің төріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға жетелеуші мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Дана халқымыз «Билігі мықты елдің – тірлігі құтты болады» деген. Қашан да жүгі ауыр билік міндетінің ауқымды және мақсатының биік болары барлық мемлекеттік қызметшілердің жадында болуы тиіс.

Ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Мемлекеттік қызметші қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді. Баршаға белгілі, 2003 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында әр жылдың 23 маусымын мемлекеттік қызметшілер күні деп атап өту жөнінде ұйғарым жасалған болатын. Бұл атау халықаралық аренада мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызметшінің статусын көтеруге оң ықпал ететіні ақиқат. Осыған орай біздің елімізде де 23 маусым Мемлекеттік қызметшілер күні деп жариялады.

Мемлекеттік қызметшінің басты міндеті туған Отаны мен халқына адал қызмет етумен бағаланады. «Басты міндет – елге қызмет» деген мазмұны терең, міндеті жауапты сөзді еске сала отырып мемлекеттік қызметші деген абыройлы атаққа үнемі лайықты болуларыңызға шын жүректен тілектеспін.

Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында ғана еліміз табысы мол, гүлденген мемлекетке айналып келеді. Кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай келе, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, елімізге тыныштық тілеймін! Отанымыздың өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңізбен, Мемлекеттік қызметшілер күнімен құттықтаймын!

*Қасымқұлова Ләззат Тұрдақынқызы, ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті
Оқу – әдістемелік орталығы басшысының орынбасары*



ТӘЖІРИБЕ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТОҒЫСҚАН ҰЖЫМ

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті



«БОЛЖАМ МЕН БАҚЫЛАУ – ҚАУІПСІЗ ЖҮЙЕНІҢ НЕГІЗІ»





Мемлекеттік кірістер органдарының негізгі міндеттері – бюджетке салықтар мен төлемдердің толық әрі өз мерзімінде түсуін және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Біздің басты мақсатымыз елдің экономикалық әл-ауқатын жақсарту және кірістерді тиімді әкімшілендіру болып табылады.

Қалыптасқан экономикалық және географиялық жағдайларға сәйкес облысымызда жер қойнауын пайдаланушылар оларға қызмет көрсететін ірі сервистік компаниялар және ауылшаруашылығы саласы дамыған.

Департаментке өз кезегінде бюджет түсімдерін жыл сайын арттыру мақсаты қойылған болатын, нәтижесінде түсімдер жылдан жылға ұлғайып келеді.

Мысалы 2022 жылы мемлекеттік бюджет түсімдері 2021 жылмен салыстырғанда 45 млрд.теңге артса, 2023 жылы 50 млрд. теңгеге, 2024 жылы 91 млрд.теңгеге артты. 3 жылда өсім **173,6% құрады.**



2024 жылдың қорытындысымен **мемлекеттік бюджеттің жоспары 102% орындалып, 5,8 млрд.теңге артығымен өндірілсе, өткен жылдың сәйкес кезеңімен 91 млрд.теңге артты.**

Салықтық түсімдер бойынша республика көлемінде облыстар арасында РБ жоспардың орындалуынан 6 орында, түсім қарқынынан 3 орында.

Департамент тарапынан жүргізілген салықтық және кедендік әкімшілендіру нәтижесімен 2024 жылы мемлекеттік бюджетке 20,8 млрд.теңге қосымша резервтер өндірілді.

2025 жылдың 1 тоқсанындағы мемлекеттік бюджет **жоспары 141,5% орындалып, 38,2 млрд. теңге артығымен өндірілді, өткен жылдың сәйкес кезеңінен 56,3 млрд.теңге артты.**

Талдау және тәуекелдер басқармасының басшысы
Г. Темирова



«ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ-ТИІМДІ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІ»



Заң басқармасы –департаменттің күре тамыры іспеттес. Негізгі атқаратын қызметі заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету. Салық саласы мен Кеден саласындағы мәселелер бойынша азаматтық, әкімшілік істер бойынша соттарда Департаменттің мүддесін білдіреді. Жалпылай айтқанда Департаменттің қызметіне құқықтық қамтамасыз ету шараларын ұйымдастырады.

Басқарма салық, кеден бақылауы, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы және Департаменттің басқа да салаларындағы істер бойынша өндірісті жүргізу кезінде Департаменттің қызметін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі.

Департаменттің әрекетіне дау келтірген істер бойынша 2025 жылы Сот қарауына 14 әкімшілік іс түскен. Кірістер органының пайдасына шешілген 3 - іс сомасы 66 683 мың тг, 1-іс сот ұйғарымымен қайтарылған, 10-іс қаралу сатысында. Сонымен қатар, Департамент мүдделі тұлға ретінде тартылған істер бойынша 6 іс түскен (сомасы 3 182 822 мың тенге). Оның

ішінде 2-іс салық төлеуші пайдасына, 1-іс сот ұйғарымымен қайтарылған, 3-іс қаралу сатысында.

ҚР ӘҚБтК-нің нормасына сай салық салу және кеден саласы бойынша 2025 жылы салынған айыппұлдар сомасы 86 299,0 мың тенге құрап отыр.

*Заң басқармасының басшысы
Ұ. Сыздықова*



«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ - КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТПЕН ӨЛШЕНЕДІ»



Департаментіміздің ең құнды капиталы - ол қызметкерлеріміз!

Кадрлық әлеуетті дамытудың тағы бір маңызды аспектісі қызметкерлерімізді ынталандыру.

Департаменттің стратегиялық мақсаттарының бірі - ол қызметте ерекшеленген қызметкерлерді көтермелеу арқылы қолдау болып табылады.

Осы ретте, қызметкерлерді ынталандыру мақсатында Департаменттің 24.01.2023 жылғы №23-Ө бұйрығымен ерекшеленген қызметшілерді марапаттаудың арнайы Ережесі әзірленіп, бекітілді. Тоқсан қорытындысымен жұмыстағы жетістіктерін ескере отырып, бекітілген Комиссия шешімімен ерекшеленген қызметкер анықталып, Департамент басшысының Құрмет грамотасымен марапатталып, ақшалай сыйақы беріледі.

Бүгінгі күнге жұмыстағы жетістіктері үшін барлығы 10 қызметкер марапатталды.

Бұдан бөлек, қызметкерлерді көтермелеу мақсатында өз жұмыс бағыты бойынша белгілі бір жетістікке қол жеткізген қызметкерлерді жыл қорытындысымен жыл сайын «С.Мустафаев атындағы «Жыл қызметкері» номинациясымен марапаттау және сыйақы беру жұмыстары бекітілген ережелерге сәйкес ұйымдастырылып, жүргізілуде.

Бұл өз кезегінде, Департамент қызметкерлері арасында ынталандыру жүйесін құруда оң әсерін тигізеді, адал және тиімді еңбек етуге талпыныс берері анық.

Осыған орай, Департамент қызметкерлерінің оның ішінде аумақтық МКБ қызметкерлерінің еңбегін бағалауда бюджет түсіміне емес, қызметкердің еңбегіне, ауыртпалық деңгейіне, әділдік принципін ұстана отырып бағаланып келеді.

Сонымен қатар, Басқарманың жұмыс бағыттарының бірі ол - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң негізінен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алуға, олардың жолын кесуге, сондай-ақ халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Департамент қызметкерлерінің жұмысына қоғамның қанағаттануын қамтамасыз ету, бұл тек сапалы қызмет көрсету ғана емес, ол қоғам үшін ашықтық, қызметтің айқындығы, әрі елімізде салық мәдениетін көтеру болып табылады.

*Адам ресурстары басқармасының басшысы
Д.Айбусинов*



«МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ»



Мемлекеттік кірістер департаментінің тағы бір маңызды құрылымы – Ұйымдастыру және қаржы басқармасы.

Жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары бойынша:

2025 жыл басынан бастап, облыс бойынша қарау үшін **1 437** жолданым құрап отыр. Келіп түскен **1 437** жолданымның: **1 182** - арыз, **99** - сұрау салу, **24** - адвокаттық сұраныс, **39** - хабар, **41** - ұсыныс, **52** - шағым.

Жолданымдардың басым бөлігі әлеуметтік міндетті аударымдар бойынша, жеке тұлғалардың банкроттығы мәселелері, кедендік операциялар бойынша және декларацияларға түзету енгізу, камералдық бақылау хабарламалары бойынша, салықтық тексеру жүргізуді сұрау бойынша келіп түскен.

Қаржылық қамтамасыз ету

2025 жылға Департаменттің жеке қаржыландыру жоспары бойынша барлығы **309 523,6 мың тг.** бөлінді.

*Ұйымдастыру және қаржы
басқармасының басшысы
Ж. Сүйірбаев*



«МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ЖҮЙЕСІН ЦИФРАЛАНДЫРУ: ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ»



Ақпараттық технологиялар басқармасы департаментінің маңызды құрылымдық бөлімшелерінің бірі.

Басқарма департаменттің ақпараттық қауіпсіздігін, ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласындағы бірыңғай талаптардың сақталуын, мемлекеттік кірістер басқармасының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Ақпараттық ортадағы жұмысты ұйымдастыра отырып, басқарма пайдаланушылардың өтінімдері бойынша мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелеріне клиенттік қосымшаларды, бағдарламалық өнімдерді орнату, бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңа болжамдарымен жаңартулары бойынша іс-шаралар жүргізеді. Сондай-ақ, ақпараттық технологиялардың мәселелері бойынша пайдаланушыларға тәжірибелік көмек көрсету, кеңес беру, серверлерді әкімшілендіру, бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңа болжамдары мен жаңартуларды орнату, мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің үздіксіз жұмыстарын қамтамасыз ету, ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, серверлік жабдықтарға штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде жедел жұмыстарды жүргізеді.

*Ақпараттық технологиялар
басқармасының басшысы
А.Цой*



«САЛЫҚТЫҚ ӘДІЛДІК ЖОЛЫНДА: АУДИТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ»



Салық аудиті – салық міндеттемелерін орындау барысында заң нормаларын қолдануда ашықтық, айқындылық, нақтылық, объективті мәліметтерді сапалы қолдануын талап ететін негізгі құрал болып табылады. Салықтық аудиттің негізгі басты мақсатының бірі бюджетке төленуге жататын салықтар мен өзге де төлемдердің уақытылы төленуін, дұрыс есептелуін тексеру жүргізу.

Салық тексеру жүргізуге негіз болатын құжат – ол нұсқама. (ҚР Салық кодексінің 148 бабы)

Салықтық тексерулер тәуекел дәрежесін бағалау негізінде мерзімдік салықтық тексерулер (яғни жоспарлы) және жоспардан тыс салықтық тексерулер түрлеріне бөлінеді.

Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде мерзімдік салықтық тексерулер: Салық органдары салықтық есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушілердің қызметі бойынша ресми және ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді талдау нәтижелері бойынша салық төлеушілерге қатысты тағайындайтын тексерулер

тәуекел дәрежесін бағалау негізінде мерзімдік салықтық тексерулер болып табылады.

Ал жоспардан тыс салықтық тексерулерге: салық төлеушінің өзінің салықтық өтініші немесе шағымы, кәсіпкердің қызметін тоқтатылуы, ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығуы, ҚР Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздерге байланысты, салық төлеуші салық органдарының камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламасын орындамаған жағдайда, ҚР салық заңнамасына сәйкес салық төлеуші мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуларды айқындау мәселелері, ҚҚС қайтару салық төлеушінің талабы бойынша, уәкілетті органның шешімі негізінде жүзеге асырылатын және ҚР Салық кодексінің 145 бабында көрсетілген өзге де негіздерге байланысты жүргізілетін салықтық тексерулер болып табылады.

Салықтық тексерулерді жүргізу мерзімі Нұсқамада көрсетілетін салықтық тексерулерді жүргізу мерзімдері ҚР Салық кодексінің 146 бабында көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

Тәуекел дәрежесін бағалау жұмыстарының нәтижесінде ҚР Бас Прокуратурасының келісімімен ҚР Қаржы министрінің бекітуімен мерзімді салықтық тексерулер жүргізіледі. Салық төлеушіге мерзімді салықтық тексеру тағайындалғанға дейінгі мерзім аралығында салық заңнамаларын қолдану барысында жіберген кемшіліктерін өздігінен қосымша салықтық есептілік тапсыру арқылы жоюларына мүмкіншілік берілген.


Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментімен 2025 жылдың бүгінгі күніне дейін өткен жылдан қалған 13 және ағымдағы жылы тағайындалған 8 салықтық тексерулер, барлығы 21 салықтық тексерулерді аяқтап, 36 салық төлеушіге қатысты талдау жұмыстарын жүргізілді.

ҚР ӘПРК талаптарына сәйкес тыңдау хаттамалары рәсімделіп, нәтижесінде бюджетке қосымша 1 690,0 млн.теңге салық есептеліп, оның 1 311 млн.теңгесі бюджетке өндірілді.

Аудит басқармасының басшысы
М. Ибраимов



«САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ»



Камералдық мониторинг басқармасының негізгі міндеті – салық төлеушілердің қызметіне камералдық бақылау жүргізу. Камералдық бақылау жүргізу арқылы салық төлеушіге салық есептілігін тапсыру кезінде жіберілген бұзушылықтарды өз бетінше жоюға мүмкіндік беру, салық төлеушінің салық мәдениетін көтеру.

Басқарма салық төлеушілердің мемлекеттік кірістер органдарына тапсырған салықтық есептіліктері нысандарына камералдық бақылау жасауды, камералдық бақылау нәтижесімен салық органы анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды аумақтық мемлекеттік кірістер органдарымен уақытылы және сапалы өңделуіне бақылау жасауды, шағын және орта бизнес субъектілерімен салық міндеттемелерінің орындалуын және салық заңнамасының сақталуын қадағалауды жүзеге асырады.

Камералдық бақылау нәтижесімен 2025 жылдың 1-тоқсанына салық кезеңдері үшін, 6 211 хабарлама жолданып, 3,5 млрд.тг. салықтар мен төлемдер есептеліп, 1,5 млрд.тг. төлем тапсырмасымен бюджетке өндірілді.

*Камералдық мониторинг
басқармасының басшысы
Г.Исаева*



«ГОСУДАРСТВЕННЫЕ УСЛУГИ- ЭТО ДОВЕРИЕ, КАЧЕСТВО И ОТКРЫТОСТЬ»



В последние годы в Казахстане наблюдается активная модернизация государственной системы, где особое внимание уделяется улучшению качества и доступности государственных услуг для населения. Эта трансформация является неотъемлемой частью реализации «Цифровой Казахстан», направленной на создание эффективного, прозрачного и ориентированного на гражданина государства, а качество предоставляемых услуг напрямую влияет на отношение граждан и бизнеса к государству.

Благодаря цифровизации большинство налоговых услуг стали доступны онлайн через Кабинет налогоплательщика и портал e-Salyq Azamat. Эти платформы позволяют гражданам и предпринимателям подавать декларации, оплачивать налоги, получать справки и консультироваться без необходимости личного визита в налоговую инспекцию.

Особое внимание уделяется удобству и простоте взаимодействия. Например, с помощью мобильного приложения e-Salyq Azamat можно автоматически рассчитать ИПН, оплатить налог на транспорт, недвижимость, землю и даже сформировать чек для электронной торговли. Это существенно

снижает административную нагрузку на налогоплательщиков.

Важным шагом стало внедрение проактивных налоговых уведомлений, когда гражданин заранее получает информацию о сроках и суммах налогов к оплате. Это способствует повышению налоговой дисциплины и снижению количества штрафов за просрочку.

Также активно развивается интеграция налоговых данных с другими государственными системами. Например, регистрация индивидуального предпринимателя теперь осуществляется всего за несколько минут через портал eGov, и данные автоматически передаются в налоговую службу.

Тем не менее, еще есть куда стремиться. Для некоторых граждан цифровые сервисы по-прежнему трудны в использовании из-за недостатка навыков или доступа к интернету. Поэтому важно проводить реинжиниринг сервисных услуг и оказывать помощь в цифровом обучении населения.

В этой связи органы государственных доходов развивают альтернативные способы получения услуг, в том числе личного обращения в госорганы. В каждом Управлении государственных доходов функционируют Центры оказания услуг, где созданы благоприятные условия для обслуживания всех категорий граждан, включая лиц с ограниченными возможностями.

Помещения обеспечены системами отопления, кондиционирования, камерами видеонаблюдения, детскими игровыми площадками. Работают Терминалы самообслуживания, а также предусмотрены функции приема платежей в кассовом узле банка.

Одним из важных направлений деятельности органов государственных доходов является качественное оказание государственных услуг. Госуслуги оказываются непосредственно самим Департаментом государственных доходов, его 8-ми территориальными управлениями, ЦТО, таможенными постами «Арал» и «Байконур».

За 5 месяцев 2025 года всего 199 585 услуг, из них 199 082 в электронном виде что составляет 99,75%, 503 услуги на бумажном или 0,25%.

В 3-х крупных управлениях государственных доходов и в Департаменте функционирует электронная система управления очередью (ЭСУО). За истекший период текущего года, по данным ЭСУО, всего в явочном порядке было обслужено 76 налогоплательщиков. Среднее время ожидания своей очереди составило 0:18 сек, а среднее время обслуживания - **7 минуты**.

По сравнению с аналогичным периодом прошлого года наблюдается значительное снижение оказанных услуг в явочном порядке, что является результатом популяризации и эффективности применения электронных сервисов оказания услуг.

Таким образом, государственные услуги в налоговых органах Казахстана становятся всё более современными, прозрачными и доступными. Это повышает доверие к налоговой системе, способствует росту добровольной уплаты налогов и делает государственное управление более эффективным.

*Руководитель управления государственных услуг
М. Искакова*



«ЖАНАМА САЛЫҚТАР: ӘКІМШІЛЕНДІРУДЕГІ ТИІМДІЛІК ПЕН АШЫҚТЫҚ»



Басқарма өзіне бекітілген салықтар түсімдердің толық және уақытылы түсуін, жоспар көрсеткіштерінің орындалуы мен түсім қарқынының қамтамасыз етілуін қадағалайды. Салықтық базаны ұлғайту бағытында салықтық әкімшілендіру жұмыстарын жүргізеді.

Салық төлеушілердің тапсырған декларациялар мен есептіліктеріне камералдық бақылау жүргізіп, жанама салықтар бойынша көлеңкелі экономиканы болдырмау бағытындағы жұмыстарды жүргізеді.

Айтар болсақ, 2025 жылдың 1-тоқсаны нәтижесімен ҚҚС-нан (105101 коды) бекітілген жоспар көрсеткіші 115,2% орындалса (3 342,8 млн.теңгеге артық), өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда түсім қарқыны 143,4% құрады (7 651,9 млн.теңгеге артық).


Сол сияқты, есепті кезеңге акцизден (105284 коды) жоспар көрсеткішінің орындалуы 104,4% құрап, 1 207,3 мың теңгеге артық түссе, түсім қарқыны 111,1% құрап, 2 874 мың теңге артық түсуі қамтамасыз етілді.

Сонымен бірге салық төлеушілер саны да өсуде. Нақты айтқанда, 1 сәуірдегі жағдайға ҚҚС-ның (105101 коды) төлеушілер саны 2 200 құрап, жыл басымен салыстырғанда 22-ке, көтерме және бөлшек саудада алколголь өнімін өткізушілер саны 24-ке көбейсе, жанар-жағармай өткізушілер саны 18-ге азайған. Азаюдың басты себебі салық төлеушілердің салық салу объектілерін есептен шығаруы себеп болуда.

Жоспар көрсеткіштерінің орындалуы мен түсім қарқыны



Төлеушілер саны





«БЕРЕШЕКТІ ӨНДІРУ: ТИІМДІ ӘДІСТЕР МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»



Салық – еліміздің әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуінің тұрақты кепілі саналатынын ескерсек, бұл бағытта атқарылатын жұмыстың ауқымды, жауапкершілігі зор екені рас. Бұл ретте департамент жұмысының маңызды бөлігінің бірін атқаратын тағы бір құрылымдық бөлімше – берешекпен жұмыс басқармасы.

Басқарма-салықтық және кедендік бақылауды мерзімінде орындамаған, салықтық және кедендік міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салықтық берешекті және кедендік төлемдер бойынша берешектерді мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдануды жүзеге асырады. Мемлекеттік кірістер органдарының басты міндеті бюджеттің кіріс бөлігін қамтамасыз ету болса, соның бірі салық төлеушілердің бюджет алдындағы бересі есебінен өндіру.


Сонымен қатар, банкроттық және оңалту саласында мемлекеттік реттеуді жүргізеді.

2025 жылдың 1 сәуір жағдайына ЗТ мен ДК жалпы салықтық бересісі -2786 млн. тг (берешегі 3945 млн.тг) құрап, 2025 жыл басымен 01.01.2025 ж -3279 млн.тг) салыстырғанда - 493 млн. тг немесе 15% төмендеді Сонымен қатар, 2024 жылдың сәйкес кезіңімен салыстырғанда (бересі 01.04.24ж.- 2901 млн.тг) бересі - 115 млн.тг. немесе - 4% төмендеді.

*Берешекпен жұмыс басқармасының басшысы
А. Абдуманова*



Бересінің төмендеу динамикасы





«АШЫҚТЫҚ ПЕН СЕНІМ – САПАЛЫ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗІ»



Салық – еліміздің әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуінің тұрақты кепілі саналатынын ескерсек, бұл бағытта атқарылатын жұмыстың ауқымды, жауапкершілігі зор екені рас.

Салықтық сауаттылық – тұрақты экономикалық дамудың негізі. Басқарма тарапынан халықпен кері байланыс орнату және салық заңнамасын кеңінен түсіндіру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіп келеді. Басқарманың негізгі міндеттерінің бірі – салық төлеушілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, салық заңнамасындағы өзгерістер мен жаңалықтарды уақытылы әрі түсінікті түрде жеткізу.

Салық салу саласындағы ашықтық пен сенімділік – мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі. Осы бағытта басқарма бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, сондай-ақ тікелей кездесу форматында тұрақты түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Қалалар мен аудандарда өткізілетін семинарлар, вебинарлар мен онлайн кеңестер салық төлеушілерге өз міндеттерін дұрыс

орындауға, жиі кездесетін қателіктерден сақтануға көмектеседі.

Бұған қоса, департамент жанындағы Байланыс орталығы (1414) арқылы салық төлеушілер күнделікті салықтық есептіліктер, салықтық берешектер және басқа да өзекті мәселелер бойынша нақты әрі жедел ақпарат алуда. Бұл орталық азаматтармен тікелей әрі тиімді байланысты қамтамасыз етіп, мемлекеттік қызмет сапасын арттыруға өз үлесін қосып отыр.

2025 жылдың 1 тоқсанында Департаменттің операторларын 2545 қоңырау түскен. Оның ішінде 1668 қоңырау бағаланған болса, 1610 қоңырауға «жақсы» бағалау болған.

*Түсіндіру жұмысы және Байланыс-орталығы
басқармасының басшысы
Г. Қарымсақова*



«САЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ – ӘР АЗАМАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНЕН БАСТАЛАДЫ».



Өндірістік емес төлемдер басқармасының негізгі міндеттері – бюджетке төленетін өндірістік емес төлемдердің түсімін қамтамасыз ету, жеке тұлғалардың көлік және мүлік салығы бойынша бюджетке берешегін өндіру, қосымша түсім көздерін табу және түсімді көбейту бағытында ұсыныстар енгізу.

Уәкілетті органдардың жұмысына уақытылы және сапалы тексерулер жүргізу, өндірістік емес төлемдер бойынша салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтарудың схемасын анықтау.

Өндірістік емес төлемдерді есептеу және бюджетке төлеу жөнінде жергілікті атқарушы органдармен өз ара іс-қимылдар жасау, ҚР Қаржы Министрлігінің уәкілетті органдармен бірлескен бұйрықтарына сәйкес мәліметтердің толық және өз уақытында берілуіне бақылау жасау.

Уәкілетті және басқа да мемлекеттік органдардың салық салу объектілерін есепке алуға қатысты міндеттерінің орындалуына бақылау жасау және де басқабасқармаға тиісті жұмыстарды ұйымдастыру.

2025 жылдың 1 маусым жағдайына өндірістік емес төлемдер бойынша бекітілген **9 713,1** млн.тг болжамда, бюджетке **12 359,0 млн.тг** көлемінде түсіммен қамтамасыз етіліп, **127,2** пайызға артығымен орындалды.

Камералдық бақылау нәтижесімен салық төлеушілерді әкімшілендіру барысында жыл басынан бері қосымша кіріс көздерінен бюджетке **435,5 млн.тг.** өндірілді. Былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 71,0 млн. тг немесе 119,5 пайызға артық қосымша түсім түскен.

*Өндірістік емес төлемдер
басқармасының басшысы
Г.Шортанбаева*



«ДӘРМЕНСІЗ БОРЫШКЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС: ЗАҢ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ШЕШІМДЕР»



Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасы
ҚР Президентінің 2002 жылғы 28 тамыздағы Жарлығына сәйкес, ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі қаулысымен ҚР ҚМ Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті ретінде құрылды. ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 12 қыркүйектегі №947 «ҚР Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қаулысының негізінде ҚР ҚМ «Салық комитеті» мен «Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті» мекемесі біріктіріліп, ҚР ҚМ Салық комитеті болып қайта жасақталды.

Басқарманың негізгі міндеті – заңды және жеке тұлғалардың банкроттық рәсімінің мен оңалту рәсімінің жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, жеке тұлғаларды оңалту мен банкроттық және банкроттық туралы заңнамалар талаптарының орындалуын қамтамасыз ету. Сондай-ақ банкрот кәсіпорындарында қасақана банкроттық белгілерінің болуы мен жеке тұлғалардың қаржылық мониторингін уақтылы жүргізу, соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану бойынша талдау жасайды.

2025 жылдың 1 тоқсанында оңалту және банкрот рәсімінде 134 борышкер, оның ішінде банкрот рәсімі 88 борышкерге, оңалту рәсімі – 25 борышкерге жүргізілуде, 21 борышкердің банкрот рәсімі аяқталып таратылды.

Банкрот рәсімі жүргізілу сатысындағы 88 борышкердің кредиторлық қарызы 7260,0 млн. тенге, оның ішіндегі салық алдындағы қарызы 5 058,4 млн. тенге. Банкрот рәсімі барысында кредиторлық қарыз 35,0 млн. теңгеге өтелді. Оңалту рәсімі сатысындағы 25 борышкердің кредиторлық қарызы 16 808,2 млн. тенге, оның ішінде салық алдындағы қарызы 2 675,1 млн. тенге. Оңалту рәсімі барысында кредиторлық қарыз 2 545,0 млн. теңгеге өтелген, оның ішінде салық алдындағы қарызы 748,0 млн. теңге өтелген.

2025 жылдың 1 тоқсанына соттан тыс банкроттық рәсім бойынша барлығы 14612 арыз түсіп, оның 3267 немесе 22% қанағаттандырылды, 10532 немесе 72% қанағаттандырудан бас тартылып, 569 арыз қаралу сатысында.

*Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс
басқармасының басшысы
Г.Ертанова*





«ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ АЯСЫНДАҒЫ ҚҚС: ТӘРТІП ПЕН ТАЛАП»



Қазақстан үшін сыртқы саудада Еуразиялық экономикалық одақ – Еуроодақтан кейінгі екінші ірі нарық. Сондықтан бұл одақпен де саудадағы ашықтықты қамтамасыз ету аса маңызды. Бұл бағыттағы жұмыстарға жауапты департаменттің құрылымдық бөлімшесі – Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі қосылған құн салығын әкімшілендіру басқармасы.

Басқарма үшінші елдерден ел аумағына әкелінетін тауарларды шығару мәселелері бойынша бақылау жасайды. Сондай-ақ, Қазақстан мен Ресей өткізу пункттерінен автомобиль арқылы өткізілген тауарларға жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен салыстыра отырып, камералдық бақылау жасайды.

2025 жылдың 1 тоқсанда **772,0** млн.тг. бюджетке түсіммен қамтамасыз етіліп, өткен жылмен салыстырғанда өсу қарқыны **106,4%**. Сондай-ақ, ЕАЭО мүше мемлекеттер аумағынан ҚҚС бойынша 2025 жылдың 1 тоқсанда жалпы сомасы **44,023** млн. тг. қосымша түсімдермен қамтамасыз етіліп, **914,1** мың теңге

айыппұлдар өндірілді.

*ЕАЭО ҚҚС әкімшілендіру
басқармасының басшысы
Қ.Дүрменбаев*



«КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ КЕПІЛІ»



Кедендік бақылау басқармасы саяси-экономикалық маңызды функцияны атқарады. Сонымен қатар, кедендік төлем, салық, арнайы демпингке қарсы баждар, өтемақы баждарының толық алынуын және бюджетке уақытылы аударылуын қадағалайды.

Өз құзыреті шегінде құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу және оларды анықтау жөнінде жұмыс жүргізеді. Кедендік статистиканы жүргізу, тауарлар шығарылғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыру, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өндіріп алу жөнінде шаралар ұйымдастырады.

2025 жылдың 1 тоқсанымен 899 кедендік транзит декларациялары бойынша тауарлар әкелінді.

Оның 61 халықаралық жол тасымалдау құжатымен жеткізілген.

Департаменттің кеден бекеттерімен ресімделген барлық 1347 тауарларға арналған декларациялардың 255 алдын ала декларациялау бойынша рәсімделді.

Сонымен қатар, салықтық және кедендік әкімшілендіру жұмыстарын жүргізу нәтижесімен 2025 жылдың 1 тоқсанында Мемлекеттік бюджетке 459,0 млн.тг қосымша резервтер өндірілді.

*Кедендік бақылау
басқармасының басшысы
Қ.Айтбаев*



«КЕДЕНДІК РӘСІМДЕР МЕН ЕРЕЖЕЛЕР – ӘДІЛ САУДА НЕГІЗІ»



«Қызылорда-кедендік ресімдеу орталығы» кеден бекеті ЕАЭО арқылы көліктің кез келген түрімен өткізілетін тауарларға кедендік тазарту жасау, кедендік қарау, кедендік жеке тексеріп қарау, кедендік сараптамалар тағайындауды қамтамасыз етеді. Кеден мамандарының қырағы қызметі еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қорғауда орасан рөл атқарады.

Бекеттің қызмет аймағына Қызылорда қаласы, Жаңақорған, Шиелі, Кармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандары мен «Қорқыт-Ата» әуежайы кіреді.

2025 жыл басынан бері барлығы 2105 декларация тіркелген.

Тәуекелді басқару жүйесінің ұсынысы бойынша жыл басынан 122 кедендік жете тексерулер жүргізіліп, тексеріп қарау тиімділігі 70 пайызды құрап отыр. Қорытындысымен «ҚР кедендік реттеу туралы» кодексінің 150-бабының 85 бұзу фактісі анықталды. Бюджетке қосымша 4,3 млн.тг. есептелініп өндірілді.

*«Қызылорда-кедендік ресімдеу орталығы»
кеден бекеті басқармасының басшысы
М. Абдыкамалов*





«Арал» кеден
бекетінің басшысы
Қ. Исмаев



«Байқоңыр» кеден
бекетінің басшысы
Б. Дүйсенбаев

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

Қызылорда – аймақтың бас шаһары. Сонау 1938 жылдан бері Сыр өңірінің әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы. Бүгінде 399 мыңға жуық тұрғыны бар қала және 8 әкімшілік-аумақтық бірліктен – Қызылорда қаласы, Тасбөгет, Белкөл кенттері, Қосшыңырау, Қызылжарма, Қызылөзек, Ақсуат, Ақжарма ауылдарынан тұрады.


Қызылорда қаласы – тарихы бай, өндірісі өркендеген, өткен ғасыр басында ұлт зиялылары қызмет еткен рухани орда. Сан ғасырлық тарихы бар Қызылорда қаласының бейнесінде терең саяси, рухани мән жатыр. Бұл тек жарқын заманауи облыс орталығы ғана емес. Бұл біздің елімізге астана болған, әрі тоғыз жолдың торабында орналасқан шаһар.

Қызылорда қаласының тарихында оның атауы бірнеше рет өзгергенін айта кеткеніміз жөн. 1918 жылы қала Ақмешіт аталса, 1853 жылы Перовск болып өзгерген. 1922 жылы қайтадан өз атын алса, 1925 жылдан бастап Қызылорда деп аталды. Ақмешіт 1818 жылы Қоқан хандығы кезінде Сырдария бойында алғаш қорған ретінде салынып, ақ кірпіштен өрілген мешіттің түсіне орай осылай аталса керек.

1853 жылы Орынбор генерал-губернаторы В.Перовский Сыр қазақтарын қорғаймын деген желеумен орыс әскерлерімен қамалды басып алып, қоқандықтары қуып шыққандықтан ол Перовск деп аталған. 1867 жылы қала Сырдария уезінің орталығына айналды. 1905 жылы Орынбор-Ташкент теміржолының пайдалануға берілуіне байланысты қалада депо, вокзал үйлері салынған. Ал, 1922-1925 жылдары ол қайтадан Ақмешіт атауын алса, 1925-1929 жылдары Қазақстанның астанасы болғаны тарихтан мәлім.

1925 жылы қалаға Қызылорда атауы беріліп, астана атанса, 1938 жылы Қызылорда облысы құрылған. Сыр өңірінде қазақтың батырлары мен зиялыларының мекені. Қорқыт баба, Жалаңтас Баһадүр, Әйтеке би, Жанқожа, Бұқарбай, Тоғанас батырлар, сондай-ақ қазақтың біртуар перзенттері Мұстафа Шоқай, Темірбек Жүргенов, Ғани Мұратбаевтардың есімдерін жас ұрпақ жадында ұстап, үлгі тұтады.





ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1300 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ

Қазақстан мен Қарақалпақстан арасындағы тарихи, мәдени және рухани байланысты бейнелейтін маңызды символдық нысан.

Ескерткіш – қарақалпақ халқының тарихын, мәдениетін және қазақ халқымен тығыз байланысын еске салатын маңызды мәдени нысан. Ол екі халықтың ортақ тарихын, достығын және бауырластығын бейнелейді.

Тарихи деректерге сүйенсек, қарақалпақтар XIII ғасырда оңтүстік орыс даласынан Еділ мен Жайық өзендері аралығына, ал XVI ғасырдың екінші жартысында Сырдария өзені алабына қоныс аударған.



АЙТБАЙ МЕШІТІ

Қызылорда қаласы Қ.Сәтпаев көшесінде орналасқан.

Мешіт 1878 жылы салынған. XIX ғасырға тән көрнекті ескерткіштердің бірі. Облыс орталығында орналасқан мешітті Айтбай қажының бастамасымен Әулиеаталық шеберлер Ысқан мен Қамал салған.

Кеңес уақыты кезінде ғимарат өзінің басты міндеттерін бірнеше рет ауыстырып, 1950 жылдары кинотеатр ретінде пайдаланылса, кейін ол жерге мектеп-интернат болса, тәуелсіздік алған сәттен бастап ғимарат иісі мұсылманның құлшылық етер орнына айналды.



ШІРКЕУ ҒИМАРАТЫ

Шіркеу кең тараған сәулеттік жобаның баламасы.

Осыған ұқсас шіркеулер Астраханьда және Ташкентте кездеседі. 1895-1939 жылдары орыс шіркеуі, 1939-1957 саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың отбасылары өмір сүрген, 1957-1980 жылдар аралығында облыстық музей болған.

Бүгінгі таңда шіркеу Қызылорда қаласында тұратын христиандардың бас қосып, мінәжат етер негізгі орны.




ЖАЛАҢТӨС БАҒАДҮР ЕСКЕРТКІШІ

Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс және Жібек жолы көшелерінің қиылысында орналасқан.

Қазақ батыры, әскербасы, Самарқан әмірі Жалаңтөс Сейітқұлұлы XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген Әйтеке бидің атасы болып келеді.

Ескерткіш 2010 жылы орнатылды.

Авторлары: ҚР Суретшілер Одағының мүшелері, мүсіншілер Н.Далбай мен Қ.Жарылқапов.



БҰҚАРБАЙ БАТЫР ЕСКЕРТКІШІ

Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесінде орналасқан.

Бұқарбай Естекбайұлы - XIX ғасырда патша отаршылдарына қарсы ұлт-азаттық күрес жүргізген қазақ ханы Кенесарыны қолдаған батырлардың бірі.

Ескерткіш 2012 жылы тарихи тұлғаның есімін ұлықтау мақсатында бой көтерді. Ескерткіш Ж.Исмагуловтың жобасы бойынша қоладан құйылып, гранит таспен қапталған тұғырға орнатылған.



ЖАНҚОЖА БАТЫР ЕСКЕРТКІШІ

Қызылорда қаласы Теміржол вокзалы маңында орналасқан.

Жанқожа Нұрмұхамедұлы – Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршылдарына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы.

Ескерткіш 2014 жылы бой көтерді. Ескерткіш қоладан құйылған. Авторлары Қазақстан Суретшілер Одағының мүшелері, мүсіншілер А.Кененбаев, Қ.Дулатов, Т.Серікбаев.



МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕСКЕРТКІШІ


2018 жылы мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқайдың есімін ұлықтау, мәңгі есте қалдыру мақсатында орнатылған. Ескерткіш қола материалынан құйылып, гранитпен қапталған тұғырға орнатылған. Ескерткіштің авторы белгілі мүсінші К.Байғазиев.



БАТЫРХАН ШӨКЕНОВ ЕСКЕРТКІШІ

Ескерткіш 2018 жылы еліміздің және Ресей эстрадасының жұлдызы, сазгер, белгілі әнші Батырхан Камалұлы Шөкеновтің есімін ұлықтау мақсатында орнатылды.

Ескерткіштің қоладан құйылып, тұтас граниттен дайындалған тұғырға орнатылған. Ескерткіштің авторы елімізге белгілі мүсінші М.Мансуров.



ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ



Түркі жұртының темірқазығы, алты Алаштың анасы атанған, күллі түркі жұртына ақ бесік болған Сыр өңірінің тарихы бай, тамыры тереңде.

Кешегі Ақмешіт, XX ғасырда елдіктің туы тігілген, Алаш зиялыларының ізі қалған Қызылорданың өзінде қаншама қатпарлы тарих жатыр!

Егемен еліміздің әлеуметтік –экономикалық даму процесінде қаржы жүйесінің маңызы зор. Әсіресе ел қазынасының қалыптасуы, бюджеттің кіріс бөлігінің сапалы орындалуы, халықтың әл-ауқатының күре тамыры салық жүйесіне тікелей тәуелді. Сондықтан аталған бағыттың салмағы ерекше екені сөзсіз.

Ел экономикасын дамыту туралы сөз қозғағанда оның күретамаыры - салық жүйесін айналып өту мүмкін емес. Себебі, қаржыгерлердің қатысуынсыз бірде-бір саланың толыққанды қызметін көзге елестете алмаймыз.

Бүкіл елдің тағдыры тікелей байланысты болған қаржы саласы – аса үлкен жауапкершілікпен қарауды талап ететін маңызды сала.

Қаржы – мемлекеттің тұрақты дамуы мен халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ететін маңызды құралдарының бірі. Бұл - азаматтар мен мен заңды тұлғалар тарапынан мемлекетке заңмен белгіленген міндетті төлем.

Мемлекеттік кірістер органдарының басты мақсаты – мемлекеттік бюджетті толықтыру. Салық қоғамдағы әлеуметтік теңдікті сақтау және экономиканы реттеу құралы ретінде қызмет етеді.

Салық төлеу арқылы біз өз болашағымызды, ұрпағымыздың жақсы өмірін қамтамасыз етеміз.

Қазіргі таңда Мемлекет басшысы салық саясатына үлкен мән беріп, бұл құрылымның аяғынан тік тұруына айрықша қамқорлық көрсетуде. Салық жүйесінде ашықтық, әділдік, теңдік ұғымы салтанат құрып, жаңа реформалар өмірге келуде.

Өңірімізге келетін болсқ, облыстың бюджет түсімі ұдайы алдыңғы қатардан қалысқан емес.

Облыс аумағында 849,3 мың. халық шоғырланса, оның ішінде, облыстың орталығы Қызылорда қаласында 362,3 мың. халық, яғни халықтың 42,7% үлесі қала өңірінде мекендейді. Экономикалық белсендісі 151,3 мың. адам болса, оның ішінде, кәсіпкерлік қызметпен 36,7 мың. адам аумақтың экономикасының дамуына өз үлестерін қосып отыр.

2024 жыл қорытындысымен салықтық түсімдер облыс бойынша 333,2 млрд.теңге түсім түссе, оның ішінде Қызылорда қаласының үлесі 34,8%, яғни 116,0 млрд.теңге бюджетке түсім қамтамасыз етіліп, бекітілген жоспарды 104,3% немесе 4,8 млрд.теңгеге артығымен орындап, өткен жылмен салыстырғанда түсім қарқыны 121,4% немесе 20,4 млрд.теңге артығымен түсім түсірілді.

Жыл қорытындысымен түсімнің негізгі 37,3% үлесін ірі 5 мұнай компаниялары (43,3 млрд. теңге) құрайды.

2025 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен 29,2 млрд.теңге бюджетке түсім түсіріліп, түсім қарқыны 118,0% немесе 4,5 млрд.теңге артығымен қамтамасыз етілді. Түсімнің негізгі 40,8% үлесі, яғни 11,2 млрд.теңге ірі мұнай компаниялары мен құрылыс саласындағы салық төлеушілерге тиесілі.

Салық төлеушілердің мүддесін қорғау, салықтық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында салық есептіліктерін дер кезінде тапсыру, төлемдерді мерзімінде жүргізу үшін әлеуметтік желілерде, халық көп шоғырланған орындарда үнемі түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда цифрлық инновациялық жүйелердің дамуының арқасында салық төлеушілер-

ге көрсетілетін қызметтердің барлығы 99,8% электронды форматта жүргізіліп келеді. Бұл дегеніміз салық төлеушілерге өте тиімді, яғни кезекте тұрмай уақытын тиімді пайдаланады және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау жөніндегі тиімді құрал.

Ел экономикасының дамуына аянбай күш-жігерін жұмсап, жауапкершілік жүгін арқалап, адалдықпен еңбек еткен қаржы саласындағы әріптестердің еселі еңбегі аймақ экономикасын ғана емес, ел қазынасының ұлғаюына серпін беретініне сенім мол. Саланы алға жетелейтін қажыр-қайрат, абыройлы қызметте табыс тілеймін.

*Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік
кірістер басқармасының басшысы
Ф. Қожабергенов*



**ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК
КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫ ОРЫНБАСАРЛАРЫ**



Бегайдаров Әбіләзім Қалдыбайұлы



Мыханов Дархан Аманжолұлы



Сайдулла Жасұлан Тілектесұлы

**ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ІРІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРІ
БОЙЫНША ҚЫСҚАША АҚПАРАТТАР «ҚАЗГЕРМҰНАЙ» БК» ЖШС**



«ҚАЗГЕРМҰНАЙ» БК» ЖШС

Қазақстанның мұнай өндіру секторындағы ірі компаниялардың бірі. Компания өз қызметін көмірсутек шикізатын барлау, игеру, өндіру және өткізу бойынша жүзеге асырады.

2024 жылдың қорытындысымен облысымыздың қазынасына салықтық түсімдер бойынша 16,4 млрд.теңгеге толықтырды.

2025 жылдың 1 тоқсан нәтижесімен 3,0 млрд.теңге көлемінде бюджетке түсім түсіріп, әрдайым облысымыздың қазынасын толықтырып келеді.



«ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ» АҚ

1986 жылдан бастап Орталық Қазақстанның оңтүстігіндегі Оңтүстік Торғай алабында Құмкөл кен орнының өнеркәсіптік игеруі басталған.

1991 жылы кен орындарын өңдеумен айналысатын бірлескен кәсіпорындағы серіктес ретінде Қазақстанның нарығына шықты.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» - облыстың әлеуметтік саласын дамытуға, сондай-ақ облыс аумағында өткізілетін көптеген қайырымдылық және демеушілік шараларға белсенді атсалысатын әлеуметтік жауапты компания.

2024 жылдың қорытындысымен салықтық түсімдер бойынша бюджетті 9,1 млрд.теңгеге.

2025 жылдың 1 тоқсанымен 2,4 млрд.теңгеге ел қазынасын толықтыруда.



«ҚОР» МҰНАЙ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

«ҚОР» Мұнай компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай өндіру секторындағы ірі компаниялардың бірі. Компания өз қызметін сонау 1995 жылдан бастап көмірсутек шикізатын барлау, игеру, өндіру және өткізу бойынша жүзеге асырады.

2024 жылдың қорытындысымен салықтық түсімдер бойынша бюджетті 7,4 млрд.теңгеге 2025 жылдың 1 тоқсанымен 0,6 млрд.теңгеге ел қазынасын толықтыруда.



«КОЛЬЖАН» ЖШС

«Кольжан» ЖШС – 2001 жылдан бастап мұнай мен газды барлау, өндіру, тасымалдау және өткізу жұмыстарымен айналысады.

2024 жылдың қорытындысымен салықтық түсімдер бойынша бюджетті 4,4 млрд.теңгеге және 2025 жылдың 1 тоқсанымен 1,2 млрд.теңгеге ел қазынасын толықтырды.

АРАЛ АУДАНЫ

Арал ауданының құрылуы тым әріден басталады. Жалпыға мәлім деректе ауданның 1929 жылы құрылғаны айтылғанымен, Арал жайлы мәлімет оған дейінгі деректерде де көптеп кездеседі. Орта Азия Республикасы шекараларын межелегуге байланысты Қазақстан әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы анықтамада көрсетілгендей, 1921 жылы 1 қазанда Сырдария облысының құрамына 7 уезді кірген. Соның ішінде Қазалы уезіне Арал болыстығының кіргендігі, орталығы Арал поселкасы болғаны айтылады.

1927 жылы 17 қаңтарда Қазалы уезі таратылған. Оған қарасты болыстықтар біріктіріліп, осының негізінен Арал мен Қамыстыбас болыстығынан Арал ауданы құрылады. 1930 жылдың 17 желтоқсанындағы Қазақ Орталық атқару комитеті Президиумының қаулысына сәйкес, Арал Қызылорда өңірінің құрамына кірген 6 ауданның бірі болды. Ал 1932 жылы Қазақ Орталық атқару комитетінің қаулысымен құрылған Ақтөбе өңірінің құрамына берілген.

1938 жылы 15 қаңтарда Қызылорда облысы құрылған соң аудандар бөлініске қайта түседі. Осылайша, Ақтөбе облысынан Арал, Оңтүстік Қазақстан облысынан Жаңақорған, Қазалы, Қызылорда аудандары бөлініп, Қызылорда облысы құрылды. Арал 1938 жылы 15 қаңтарда Қызылорда облысының құрылуына байланысты солтүстік батысында орналасқан аудан болды. 1962 жылы Арал ауданы қайта таратылып, Қазалы ауданына қосылды.

Түрлі шешім арқасында басқару аймағы бірнеше рет өзгерген аудан екі жылдан соң Қазалыдан қайта ажырады. 1964 жылдың соңында облыстағы аудандарды қайта бөлу басталған. Сол жылы 22 қазанда Еңбекшілер депутаттары Қызылорда облыстық кеңесі және оның атқару комитетінің №322 шешімімен Арал ауданы қайта құрылды.

Сан сындарлы кезеңнен өткен айдынды Арал бүгінде жаңа бағытта дамып, сәулеті мен сәні келіскен мекенге айналып келеді. Теңіз маржанын сүзіп, төрт түлікті баптаған аралдықтардың еңбегі қашан да құрметке лайық.



БЕГІМ АНА МҰНАРАСЫ

Арал ауданы, Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстікке қарай 30 шақырымда орналасқан. IX-XI ғасырлармен мерзімделеді.

Бегім ана мұнарасы сол кезеңге тән сәулет өнерінің үздік туындысы. Мұнара аңыз бойынша атақты Қарабура әулиенің қызы, жазықсыз жаланың құрбаны болған Бегім анаға арнап тұрғызылған. Халық зиярат жасайтын және перзент тілегендердің тілектері қабыл болатын қасиетті орын ретінде ерекшеленеді.



КЕРДЕРІ КЕСЕНЕСІ

Арал ауданы, Қаратерең ауылынан 65,2 шақырым жерде орналасқан. ХІҮ-ХҮ ғасырлармен мерзімделеді.

Кесене (мавзолей) бірнеше ғасыр Арал теңізі су астында қалғандықтан, біраз жерлері бүлінген. Деректерге сүйенсек, ғимарат ХІҮ ғасырда салынған және бұл өңір елді мекен болған дегенге саяды. Табылған ғимараттың биіктігі - 1,5 метр, аумағы 50 метрді алып жатқан төбешік. Ұзындығы - 23,5, ені - 9,5 метр. Құрылыста 19х5х19см, 10х5х10 см, бұдан кіші көлемдегі қыштар кездеседі. Сонымен бірге, керамикалық заттар, қыштар мен адам мүрделері табылды.



АҚЕСПЕ

Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты Қосаман ауылдық округіндегі шағын ауыл. Ауыл Арал қаласынан батысқа қарай шамамен 88,5 шақырым жерде, Арал теңізінің Бутаков шығанағының батыс жағында орналасқан.

Ақеспе ауылы табиғи шипалы бұлағымен танымал. 1986 жылы «Геобарлау Шымкент» гидроэкспедициясы жүргізген бұрғылау жұмыстары нәтижесінде 1200 метр тереңдіктен температурасы 62°C болатын минералды ыстық су көзі табылған.

Бұл ыстық судың құрамында адам денсаулығына пайдалы минералдар көп. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, су буын, тері, жүйке жүйесі ауруларына, салқын тиюге қарсы ем ретінде пайдаланылады.





КӨКАРАЛ БЕКЕТІ

2005 жылы Кіші Арал теңізінің су деңгейін сақтап қалу мақсатында (бұрынғы Көкарал түбегі мен Берг бұғазы аралығында) жасалған. Кезінде түбек болған Көкаралға ұзындығы 13 км, орташа биіктігі 4 м, бүйір беткейінің мөлшері 44,5 м, үстіндегі жолдың ені 9 м бөгет салынған. Арал теңізіндегі Көкарал су тоспасы жөнделіп, балықты қорғайтын арнайы құрылғы орнатылады. Осылайша жыл сайын шөл далаға кетіп жатқан 4 мың тонна су маржанын сақтап қалмақ.



АҚЛАҚ СУ ТОРАБЫ

Ақлақ тоспасы Кіші Арал теңізін сумен толтыру мақсатында салына бастады. 2006 жылы іске қосылды. Тоспаға баратын жолдың ұзындығы 19,5 км, ені 12 м, биіктігі 5,5 м, радиусы 9 м, үш су өткізгіші бар. Жобалық су өткізгіштігі: жазда 515 м³, қыста 400 м³, қалыпты жағдайдағы су деңгейі 53,5 м, табалдырығының биіктігі 48,5 м, құдық түбінің тереңдігі 37,2 м, су жүретін жарманың ұзындығы 100 м. Тоспа іске қосылғанда теңіз жағалауындағы құрғақ көлдер мен қолтықтар суға толады.



«ҚАМБАШ» ОЛИМПИАДАЛАР ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ

2014 жылы Арал ауданының Қамыстыбас ауылдық округінде «Қамбаш» балаларды сауықтыру және қосымша білім беру орталығы» ғимаратының құрылысы аяқталып, **2015** жылдан бастап пайдалануға берілді.

Орталық қызметінің мақсаты: Жыл бойына жұмыс жасайтын тынығуды, оқуды, сауықтыруды, мәдени-көпшілік және спорттық шараларды ұйымдастыру.



БАРСАКЕЛМЕС ҚОРЫҒЫ

Барсакелмес мемлекеттік қорығы 1939 жылы құрылған.

Қорық аймағы Қызылорда облысының Арал ауданындағы Барсакелмес аралында орналасқан. Аумақтың ауданы 18 мың гектардан асады, оның ішінде 164 гектар – орманмен жабылған. Геоморфологиялық тұрғыдан Барсакелмес қорығы екі негізгі бөлікке бөлінеді: қабатты-денудациялық жазық және теңіз аккумулятивті жазық.

Қабатты-денудациялық жазық аралдың негізгісін, материгін құрайды және бірқатар кішігірім геоморфологиялық түзілімдерді қамтиды. Аралдың оңтүстігінде биік жазық орналасқан. Оның батыс жартысы тегіс, шығыс бөлігінде арқалықтар мен сайлар бар. Биік үстірт төмен абразивті жазыққа өте тік беткеймен өтеді. Мұнда бедер айқынырақ, оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған бірқатар ауыспалы жоталар мен ойпаттар бар.



ҚАМБАШ КӨЛІ

Қамбаш көлі – Арал ауданына қарасты Қамыстыбас елді мекенінде орналасқан. Көл Қызылорда қаласынан 400 шақырым, Қазалы ауданының орталығынан 50 шақырым, ал Арал қаласының 60 шақырымдай жерде жатыр. Бір ерекшелігі жағажай Батыс Еуропа Батыс Қытай халықаралық автотөлік трассасының бойында орналасқан. Сондықтан мұнда келушілердің қарасы күннен күнге артып келеді. Қамбаш көлі – Сыр өңірінің мақтануға тұрарлық демалыс орны. Суы мөлдір әрі емдік қасиеті мол.



ШИЖАҒА

Шижаға ауылы – Арал ауданына қарасты Аққұм ауылдық округінің орталығы. Арал қаласынан шамамен 16–18 км солтүстікке қарай орналасқан.

Ауыл атауы жергілікті өсімдік – ши өсімдігіне байланысты қойылған. Бұрын бұл жерде «Октябрь» колхозы болған, кейін 1957–1996 жылдары «Арал» кеңшарының орталығы ретінде асыл тұқымды қаракөл қойын өсірумен айналысқан.

Шижаға ауылының құм төбелері бейресми туристік орынға айналған. Алыс-жақын өңірлерден келушілер жазғы мезгілде көп болатын көрінеді. Сонымен қатар құмның емдік қасиетін атап өтпеу мүмкін емес, әсіресе буын аурулары мен бойдағы салқынды шығаруға шілде-тамыз айларында емделушілер осында ағылады. Құмға көміліп, ем алады. Өйткені ел ішінде шілдеде «құм піседі» деген ұғым қалыптасқан. Нағыз дертке шипа болатын кез де осы мезгіл.

АРАЛ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ



Арал ауданы – ел дамуы мен ұлттық экономиканың өрістеуіне елеулі үлес қосатын, әлеуеті зор өңір. Бүгінде аудан халқының өмір сүру сапасын жақсартуға және экономикалық әлеуетін ұлғайтуға бағытталған бірқатар жоба жүзеге асып, сан салада серпіліс байқалады. Соның ішінде өңірдің инвестициялық тартымдылығы, салық түсімінің деңгейі жоғары. Ауданның салық жүйесін тарқату үшін алдымен экономикалық ерекшелігіне назар аударған жөн. Бұл фактор өз кезегінде тарих пен сан жылдық ата кәсіпке тікелей байланысты.

Арал ауданы 1929 жылы құрылды. 1850 жылы ғалым-географ, теңіз зерттеушісі, саяхатшы А.И.Бутаков бірінші рет Арал теңізінің картасын қалыптастырса, ал ғалым Л.С.Берг «Арал теңізі» атты кітап жазған. Мұнда бір жарым ғасыр бұрын теңіз кеме қатынасы қалыптасты. Орынбор-Ташкент темір жолының құрылысынан кейін, Алтықұдық елді мекені «Арал теңізі» станциясы болып атанды. Халық шаруашылығының негізгі салалары –балық аулау, балық, тұз өңдеу және мал шаруашылығына айналған. Ауданда ас

тұзының, тевардит, мерабилит және шыны өндірісіне қажетті кварц топырағының мол қоры бар.

Өндіріс орны да жетерлік. Мысалы, ауданда «Аралтұз» АҚ, «Арал балық өңдеу зауыты» ЖШС, «СДО Арал» ЖШС, «Қамқор локомотив» ЖШС, «Камбала балық» ЖШС, «Латон Маркет» ЖШС, «Жаңа Арал» ЖШС секілді өндіріс орындары жұмыс жасауда. Бүгінде «Қамыстыбас» балық питомнигінде балықтың дөңмаңдай, тұқы, ақ амур сияқты түрлері өсіріледі. Питомниктің қуаты 15 млн шабақты құрайды.

Жалпы Аралдың экономикалық әлеуеті зор. Кезінде ауданда 25 колхоз, 16 балық зауыты, 75 қабылдау пункті, 4 ММС жұмыс жасаған. Балық аулау көлемі жылына 500 тонна құраған. Қуаңшылық пен аштықтың қиын кезеңінде Аралдың балықшылары Еділ өзенінің жағалауындағы тұрғындарға 14 вагон балық жөнелткеніне тарих куә. Міне, осындай экономикалық ерекшелікке құрылған аймақта салық түсімі үнемі бақылауда.

Облыс аумағында 849,3 мың. халық шоғырланса, оның ішінде, Арал ауданында 79,2 мың. халық, яғни халықтың 9,3% үлесі аудан өңірінде мекендейді. Аудан бойынша кәсіпкерлік қызметпен 4,5 мың адам аумақтың экономикасының дамуына өз үлестерін қосып отыр.

2024 жыл қорытындысымен салықтық түсімдердегі Арал ауданының үлесі 1,4%, яғни 4,5 млрд. теңге бюджетке түсім қамтамасыз етіліп, өткен жылмен салыстырғанда түсім қарқыны 109,4% немесе 0,4 млрд.теңге артығымен түсім түсірілді.

2025 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен 1,5 млрд.теңге бюджетке түсім түсіріліп, түсім қарқыны 122,9% немесе 0,3 млрд. теңге артығымен қамтамасыз етілді.

*Арал ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер
басқармасының басшысы
Е.Әбдікерев*



ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ

Қазалы ауданы 1928 жылы құрылып, Қазалы қаласы 1958 жылға дейін аудан орталығы болды. 1958 жылы аудан орталығы Жаңақазалы кенті – қазіргі Әйтеке би кентіне көшірілді. Халық аудан аумағында біркелкі қоныстанбаған. Тұрғындардың 90%-дан астамы Сырдария өзенінің аңғарында және оның тармақтары бойында қоныс тепкен.

Ауданға 42 елді мекен 1 қалалық, 1 кенттік әкімдік пен 19 ауылдық округке біріктірілген. Жалпы білім беретін 41 мектеп, 1 кәсіптік-техникалық мектеп, 11 балабақша, 1 мұражай, 24 кітапхана, 8 мәдениет үйі, 14 клуб, 2 стадион, 17 спорт залы бар. Денсаулық сақтау саласында 10 аурухана, 1 емхана, 6 фельдшерлік-акушерлік пункт, 10 ауылдық дәрігерлік амбулатория қызмет көрсетеді. Қазалы ауылы арқылы Орынбор-Ташкент темір жолы өтеді. Автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 427 км, оның 170 км-і республикалық маңызы бар жолдар.

Аудан аумағында 10 – 11 ғасырлардағы Оғыз қағандығының орталығы Жанкент қаласының орны бар. Мұнда Орақ батырға, Жанқожа батырға кесенелер, т.б. тарихи тұлғаларға ескерткіштер орнатылған. Аудан жерінде Жалаңтөс пен Әйтеке, Жанқожа мен Ақтан, Ашабай мен Сырлыбай, Жылқыайдар мен Жетес, Үмбет пен Ерімбет, т.б. әйгілі батырлар мен би-шешендер өмір сүрген.

Қазалы – қарт Қаратау мен Аралдың арасын кең жайлаған Ақмешіт атырабындағы айшықты мекеннің бірі. Қазаққа қадым заманнан бері қадірлі өлкенің тамыры терең, тарихы кенен. Тоғыз жолдың торабында орналасқан ауданның бүгінгі ахуалы ауыз толтырып айтарлықтай.


ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ, КӨРНЕКТІ ОРЫНДАРЫ



ЖАНҚОЖА БАТЫР КЕСЕНЕСІ

Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінен батысқа қарай 4 шақырым жерде орналасқан.

Жанқожа батыр ескерткіш кешені 1992 жылы халық батыры және көріпкел әулие Жанқожа Нұрмұхамедұлының құрметіне арналып салынған және баба рухына тағзым жасайтын қасиетті орын.



ӘЙТЕКЕ БИ ЕСКЕРТКІШІ

Қазалы ауданы Әйтеке би кенті аудандық әкімдік ғимараты алдында орналасқан.

Ескерткіш 2018 жылы Қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан Кіші жүздің биі – Әйтеке би Байбекұлына есімін ұлықтау мақсатында еңселі ескерткіш бой көтерді. Ескерткіштің ашылуына арнайы Өзбекстан Республикасының Науаи облысындағы Әйтеке би кесенесінен топырақ әкелінді.

Ескерткіш тұтас граниттен жасалған, авторы - Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, мүсінші Қазбек Сатыбалдин.



БАСЫҚАРА СУ ТОРАБЫ

Ауыл аты аңызға айналған батыр әрі әулие Басықара есімімен аталған. Алғаш 1934 жылы №3 ауылдық совет болып құрылған. Кейін «Қарашеңгелге» қарайды да, 1973 жылы Басықара ауылдық советі аталады. Біраз жыл ауыл әкімшілігі «Құмжиекке» қарасты болды да 2001 жылы Басықара ауылдық округі болып қайта құрылды.

Округ тарихын сөз етсек, «Басықара» су торабына тоқталмай кете алмаймыз. XX ғасырдың екінші жартысында Қазалы мен Арал ауданындағы суармалы егістік пен шабындықты жеткілікті мөлшерде игеру үшін су тапшылығынан құтылудың жолдары қарастырылады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Сырдария өзеніне су тоспасын салу қажет дейді де, бастамаға дәл осы Басықара елді мекенінің тұсы қолайлы деп танылады.



ТӘУЕЛСІЗДІК МОНУМЕНТІ

Әйтеке би кентінің орталығындағы Қашақбай Пірімов атымен аталатын көше бойында бойлай орналасқан Тәуелсіздік монументі Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында ашылған.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ



Қазалы ауданы жаңа жетістіктер мен әлеуметтік жаңару жолында алға қарай қадам жасауда. Мемлекет басшысының тапсырмасынан туындайтын міндеттерді орындауда бірқатар оң өзгерістерге қол жеткізілді. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде аудан экономикасы тұрақты дамып, аудан бюджетінің кірістер бөлігі көбейді. Тәуелсіздік жылдарында ауданда 100-ге жуық әлеуметтік-сауда нысандар салынды. Мұның барлығы салық түсімінің көрсеткішіне әсер еткені сөзсіз.

Қазалы ауданында 79,1 мың. халық, яғни халықтың 9,3% үлесі аудан өңірінде мекендейді. Аудан бойынша кәсіпкерлік қызметпен 5,1 мың. адам аумақтың экономикасының дамуына өз үлестерін қосып отыр.

2024 жыл қорытындысымен салықтық түсімдердегі Қазалы ауданының үлесі 1,2% құрайды, яғни 4,28 млрд.теңге бюджетке түсім қамтамасыз етіліп, өткен жылмен салыстырғанда түсім қарқыны 145,0% немесе 1,2 млрд.теңге артығымен түсім түсірілді.

2025 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен 1,3 млрд.теңге бюджетке түсім түсіріліп, түсім қарқыны 117,5% немесе 1,3 млн. теңге артығымен қамтамасыз етілді.

*Қазалы ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер
басқармасының басшысы
А.Қайырбаев*



ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ

Тарихы терең өлкенің бірі Қармақшы Округтік партия комитетінің әкімшілік – территориялық жағынан Қызылорда, Қазалы уездеріне аудандастыру туралы 1928 жылғы сәуірдегі қаулысы бойынша сол жылы өз алдына жеке аудан болды.

Аудан аумағында Қорқыт Ата мазары, «Жетіасар», «Алтындыасар», «Шірік Рабат», «Сырлытам», «Қосқала» т.б. көне заманның тарихи архитектуралық ескерткіштері бар. Аты аңызға айналған орта ғасыр ойшылы, күй атасы Қорқыт бабаға, «Рүстем-Дастан» эпосының қазақша нұсқасының авторы ақын Тұмағамбет Ізтілеуовке екінші дүниежүзілік соғыста болғандарға арналған ескерткіштер қойылған. Аудан жерінде Байқоңыр ғарыш алаңы орналасқан.

Балқы Базар, Дүр Оңғар, Жиенбай жырау, Ешнияз сал іргесін қалап, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет Ізтілеуов күмбезін көтерген жыр керуені – Қармақшы жерінің «Жүз шайыр елі» аталуына себеп болды.

Қармақшы ауданының орталығы Жосалы кентінің оңтүстігіне қарай 20 шақырым жердегі үлкен төбеде «Жоса» тасы болған. Сондықтан 1905 жылы салынған теміржол стансасы осы Жосалы төбесінің атымен «Жосалы стансасы» деп аталған. Жосалы кентінің – 1906 жылы темір жол стансасы ретінде іргесі қаланған. 1925-26 жылдары Жосалыда механикалық зауыт, 350 орындық автобаза салынған.

Қармақшы ауданының тұрғыны 53,9 мың адамды құрап отыр. Аудандағы 28 елді мекен 2 кенттік және 12 ауылдық әкімшілік округке біріктірілген. Аудан орталығы Жосалы кенті. Аудан жерін толығымен Тұран ойпаты алып жатыр.



ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ



БАЙҚОҢЫР ҒАРЫШ АЙЛАҒЫ

Байқоңыр – ғарыш алаңы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағында орналасқан. Іргесі 1955 жылы қаланған. Ғарыш алаңын салу үшін Байқоңырды таңдап алу себебі: бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық объектілер үшін қолайлы қону аймақтарының болуы, т.б. факторлар ескерілген.

1957 жылдың 4 қазанда Байқоңыр ғарыш алаңынан тұңғыш ғарыш ракетасы сәтті ұшырылды. Ол дүние жүзіндегі ең бірінші Жердің жасанды серігін (ЖЖС) орбитаға шығарған. 1961 жылдың 12 сәуірінде адамзат тарихында тұңғыш рет Ю.А. Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа ұшты.



«Байқоңыр» ғарыш айлағынан 1991 жылдың 2 қазанында тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров «Союз Т-13» ғарыш кемесімен Байқоңырдан ғарышқа көтерілді. Ресеймен бірлескен бағдарлама бойынша қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев ғарышта 2 рет (1994, 1998) болды. Бұл екінші қазақ ғарышкері ретінде тарихта қалды. 2015 жылдың 2 қыркүйегінде үшінші қазақ ғарышкері Айдын Айымбетов көкке көтерілді.



БАБИШ-МОЛА ҚАЛАШЫҒЫ

Қармақшы ауданы Көмекбаев ауылынан оңтүстікке қарай 47 шақырымда орналасқан. Б.з.д. IV-II ғасырлармен мерзімделеді.

Бәбіш мола қалашығы Сырдариядан бөлініп шыққан Жаңадария арнасының оң жағалауында орын тепкен сақтардың ордасы болған қала. Қалашықта сақталған құрылыстар «Үлкен үй» жоспары кірер есіктен басталып, екі көлемді мұнаралармен жиектелінетін анфиладты ғимаратымен ерекшелінеді. Үйдің шығыс бөлігінен аршылған жоспары мұнда ерекше жағдайларға және қабылдауларға арналған салтанат залы болғандығын аңғартады. Бәбіш мола қалашығы басқа аймақтармен тығыз қарым-қатынаста болған. Қалада қолөнершілер мен ұсталар керамикалық ыдыстар, қару-жарақ, сауыт-сайман, ат әбзелдерін, алтын мен күмістен теңдесі жоқ әшекей заттар жасаған. Бұған қалашық орнынан табылған археологиялық бұйымдар айғақ бола алады.



ШІРІК-РАБАТ ҚАЛАШЫҒЫ

Қармақшы ауданы Көмекбаев ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 87 шақырымда орналасқан. Б.з.д. IV-II ғасырлармен мерзімделеді.

Сыр өңіріндегі сақ дәуірінен сақталған ежелгі қалалардың бірі. Қалашық Сыр бойы халқының Хорезм, Парсы елдерімен шекаралық бекінісі рөлін атқарған. Өйткені, бұл елдердің байланысы кезінде арнасы тасыған Жаңадария арқылы жүріп отырған. Шірік-Рабат қаласында үлкен қамалдар тұрғызылып, қарауыл мұнаралары болған. Шірік-Рабат қаласы ерте кезеңде әскери мақсаттағы маңызға ие қалалардың бірі. Бұл қаланың қорғаныс қабілетін арттыруда пайдаланылған арнайы нысандардың молдығынан да көрінеді. Кейінгі зерттеулер бұл ескерткіште сақ тайпаларының жерлеу кешендері орналасқан пантеон деп болжам жасалды.



ЖЕТИАСАР МӘДЕНИЕТІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарында орналасқан көне қалалар орны, олар толық сақталмай тек топырақ үйінділері түрінде жатқандықтан асарлар деп атаған.

Бұл ескерткіштердің өзіндік ортақ ұқсастықтарына қарай зерттеушілер бір мәдениетке топтастырып, олардың негізгі бөлігі шоғырланған Жетіасар шатқалының атымен атаған. Бұл аймақтағы асарлардың ең ірісі Алтынасар және Бидайық асар, Сорлы асар, Домалақ асар, Үңгірлі асар, Томпақ асар, Қара асар, Жалпақ асар, Тікасар, Тас асар, Қосасар сияқты барлығы 30-ға жуық қала мен жүздеген обасы бар қорымдар және суландыру жүйелерінің орындары анықталған.



Бұл қалалар халқы Сырдарияның орта ағысы бойымен Ташкент төңірегіне таралған көршілес Отырар-қаратау мәдениеті және Қауыншы мәдениеттерін жасаған тайпаларымен бірге тарихи Қаңлы мемлекетінің құрамына кірген. Жетіасар тарихта өзіндік орны бар ірі мәдениет болып табылады. Асарлар тізбектеліп Қазақстан аумағындағы Қызылорда облысы, Оңтүстік Қазақстан облыстарын қамтып Ташкентке дейін созылып жатқан аумақты алып жатыр.

Жетіасар мәдениеті ескерткіштері шөлейтті жерде және бір-біріне жақын орналасуымен ерекшеленеді. Экстремалды туризм үшін қолайлы, болып табылады. Бұл туристердің қызығушылығын тудыратын бірден-бір фактор болып табылады.



МАРАЛ ИШАН КЕСЕНЕСІ

Қармақшы ауданы, Жосалы кентінен шығысқа қарай 18 шақырым жерде, Қараөзек өзенінің аңғарында орналасқан. Кесене XIX ғасырда салынған.

Кесене үш жүзге пір болған, діни қайраткер Марал ишанның жерленген орнына тұрғызылған. Жергілікті дәстүрге тән көрнекті ескерткіштердің бірі. Баба рухына тағзым жасайтын қасиетті орын ретінде ерекшеленеді.



ҚАЛҚАЙ ИШАН КЕСЕНЕСІ

Қармақшы ауданы, Жосалы кентінен шығысқа қарай 18 шақырым жерде, Қараөзек өзенінің аңғарында орналасқан. Кесене XIX ғасырда салынған.

Қалқай ишан кесенесі Қожа Ахмед Яссауи кесенесіне ұқсастықтарының болуымен ерекшеленеді. Кесене Марал ишанның үлкен ұлы Қалқай ишанның жерленген орнына тұрғызылған. Баба рухына тағзым жасайтын қасиетті орын ретінде ерекшеленеді.

ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ



Өңірде тиімді салық саясатын жүргізу, облыстың қаржы қазанына түсімдердің толыққанды түсуін, тиімді жоспарлануын әрі игерілуін сапалы және нәтижелі ұйымдастыру – басты міндет. Халық қазынасы – салық түсімдерінің толықтығын қамтамасыз ету, жергілікті халықтың салық мәдениетін көтеру, өңірдің инновациялық – индустриялық даму стратегиясын және шағын кәсіпкерлікті дамыту қарқынын негізге алып, салық салу базасын кеңейту жүргізілуде.

2024 жылы Мемлекеттік бюджетке түскен түсімі 3 486 014,0 мың теңге, 2023 жылмен салыстырғанда 776 377,3 мың теңгеге артық немесе өсім қарқыны 128,7 пайызды құрады.

Оның ішінде, Республикалық бюджетке түскен түсімі 593 068,0 мың теңге, 2023 жылмен салыстырғанда 64124,0 теңгеге артық немесе өсім қарқыны 112,1 пайызды құрады.

Жергілікті бюджетке түскен түсімі 2 892 946,3 мың теңге, 2023 жылмен салыстырғанда 712 253,3 мың теңгеге артық немесе өсім қарқыны 132,7 пайызды құрады.

2025 жылдың 1-тоқсанында Мемлекеттік бюджетке түскен түсімі 1 386 914,0 мың теңге, 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 440 443,5 теңгеге артық немесе өсім қарқыны 146,5 пайызды құрады.

Оның ішінде, Республикалық бюджетке түскен түсімі 278 309,0 мың теңге, 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 111 348,0 мың теңгеге артық немесе өсім қарқыны 166,2 пайызды құрады.

Жергілікті бюджетке түскен түсімі 1 108 605,0 мың теңге, 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 329 095,5 мың теңгеге артық немесе өсім қарқыны 142,2 пайызды құрады.

Аудан бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында 2024 жылға тіркелген салық төлеушілер саны – 4157, оның ішінде заңды тұлғалар – 607, дара кәсіпкерлер – 3550 болса, 2025 жылдың 1-тоқсанына – 4207, оның ішінде заңды тұлғалар – 595, дара кәсіпкерлер – 3612.

Қармақшы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы
Д.Қосбергенов



ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ

Жалағаш ауданы – Қызылорда облысының орталық бөлігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлігі. Аудан Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен 1939 жылы 17 қазан күні құрылған. Жер көлемі 2 873 640 га.

Ауданда 15 ауылдық әкімшілік округта 17 елді мекен бар. Тұрғындар саны - 35 984 адам. Аудан орталығы – Жалағаш кенті, облыс орталығы – Қызылорда қаласынан 72 шақырым қашықтыққа орналасқан. Жалағаш ауданында 20-нан астам ұлт өкілдері тұрады.

Облыстың құрылу тарихы 1938 жылы басталса, Жалағаш ауданы 1939 жылы құрылыпты. Сол жылдың 17 қазанында Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі Президиумының жарлығы нәтижесінде Сыр бойында осылайша жаңа әкімшілік аймақ пайда болды.

Ел арасында «Шегіртке де Аламесек деп ұшады» деген сөз бар. Өйткені, Жалағаш ауданы құрылмай тұрып, Аламесек елді мекені 1925 жылы болыстық атқару комитеті, ал, 1928-1930 жылдары аудан орталығы еді. Бүгінде көне орны қалған Аламесек Жалағаштан 45 шақырым жерде жатыр. Уақытында 44 ауылдық кеңес қараған аудан орталығында қазақтардан бөлек, өзбек, ноғай, т.б. ұлт өкілдері тұрған. Қазіргі Жалағаш ауданындағы 15 ауылдың 9-ы Аламесек ауданына қарағанын ескерер болсақ, Аламесек – Жалағаш ауданының бастауы. Сондықтан ел азаматтары бағзы жайды саралап, келешекте Жалағаш ауданының құрылған уақытын 1925 жылдан бастайды.

Жалпы Жалағаш ауданының бүгінгі ауылдары бірде Қызылорда, Тереңөзек, Қармақшы аудандарына қарап, бір қосылып, бір тараған уақыттарын еске алсақ, ауданның толыққанды тарихына селкеу түседі. Аламесек ауданы – бүгінгі Жалағаш ауданының негізі. Ал Жалағаш – соның жалғасы.

Жерінің аумағы 29,9 мың шаршы шақырым болатын Жалағаш ауданының алғашқы орталығы – Жалағаш қыстағы болып бекітілген. 2002 жылдан бері кент статусын алды. Жоғарыда айтқандай, 1939 жылы өз алдына жеке аудан болған соң оған Қармақшы ауданынан Қаракеткен, К.Маркс, Елтай, Ақсу ауылдық кеңестері, Тереңөзек ауданынан Аманкелді, Энгельс, Калинин, Мәдениет және 1 Май елді мекендері беріледі. Сөйтіп жаңа ауданға 9 ауылдық кеңес, 33 егін егетін колхоз, 1 машина-трактор станциясы және балық аулайтын Игілік колхозы қараған.

Құрылғалы негізгі бағыты – ауыл шаруашылығы, оның ішінде Сыр салысын егуге басымдық берген аудан халқы содан бері бұл үрдістен жаңылған жоқ. Соғысқа дейін де, одан соң да жер өңдеп, күріш егіп, тек еңбеккүн есебінен азық-түлік алып, тіршілік еткен.

Бүгінде Жалағаш ауданының өсу динамикасы тұрақты. Былтырғы жыл қорытындысымен бюджет 17,4 млрд теңгені немесе 144,4% құрады.

2024 жылы ауданның экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасып, өнеркәсіп өнімінің көлемі 100 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 100,3, инвестициялар тарту 144,4, бөлшек сауда 103,9, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 103,9 пайыз болды. Жалпы 5,6 млрд теңгенің 40 жобасы жүзеге асырылып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ, КӨРНЕКТІ ОРЫНДАРЫ



ЖЕНТ ҚАЛАШЫҒЫ

Жалағаш ауданы Аққыр ауылынан оңтүстікке қарай 30 шақырымда орналасқан ортағасырлық қала орны Х-ХУ ғасырлармен мерзімделеді.

Осы аймақта орналасқан Жанкент, Баршынкент, Ашнас(Асанас) қалалары Жент өлкесінің қалалар тобын құрады. Қаланың орны қазіргі уақытта 40 гектардан астам аумақты алып жатыр. Қала қирандыларының мерзімделуін әр ғасырларға жатқызуға болады. Ортағасырлық тарихи деректерге сүйенсек, IX–XII ғасырларда қалада мұсылман дінін ұстанған оғыз бен қыпшақ тайпалары қоныстанған.

XII–XIII ғ.ғ. Жент қаласы Хорезм мемлекетінің дүниежүзілік державаға айналу барысында Сыр өлкесіндегі тіректі қаласының бірі болған.

Сыр өңіріндегі ірі мәдени-экономикалық орталыққа айналды. Қалада ақша сарайы жұмыс істеп, күміс және мыстан соғылған теңгелер шығарылды.



ТҮМЕН ӘУЛИЕ КЕСЕНЕСІ

Жалағаш ауданы, Мөрәлі Шәменов ауылынан солтүстік-батысқа қарай 4,5 шақырым, Қаракеткен теміржол стансасынан оңтүстік - батысқа қарай 7 шақырымда орналасқан. Кесене XIX ғасырда салынған.

Кесене Сыр бойында тұратын қазақтардың «үйтам» үлгісінде салынған. Ислам дінін насихаттап, шәкірт тәрбиелеген дін қайраткері Түмен әулиенің жерленген орнына тұрғызылған.

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ



Салық – мемлекет дамуының маңызды бөлігі. Оның есебінен ел қазынасы толығып отырады. Еліміздің салық саясаты тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жылда бірнеше реформаны бастан кешірді. Нарыққа бейімделу, әлемдік стандарттарға жақындату кезеңінен өткен соң 2001 жылы алғашқы Салық кодексі қабылданды. Содан бері де жетілдірілу үстінде. Бұл орайда аудандардағы мамандарының жүйелі жұмысы салаға серпін әкелгені жасырын емес.

Жалағаш ауданында 32,3 мың. халық, яғни халықтың 11,0% үлесі аудан өңірінде мекендейді. Аудан бойынша кәсіпкерлік қызметпен 2,6 мың. адам аумақтың экономикасының дамуына өз үлестерін қосып отыр.

2024 жыл қорытындысымен салықтық түсімдерден Жалағаш ауданының үлесі 1,2%, яғни 2,1 млн. теңге түсіп, болжам 7,0 млн. теңгеге артық немесе 100,3 пайызға орындалды.

Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда түсім 245,0 млн. теңгеге артық түсіп немесе өсу қарқыны 112,8 пайызды құрады.

2025 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен 599 189 мың. теңге бюджетке түсім түсіріліп, түсім қарқыны 114,0% немесе 73 393, мың. теңге артығымен қамтамасыз етілді.

*Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік
кірістер басқармасының басшысы
Р. Байғазиев*



СЫРДАРИЯ АУДАНЫ

Сырдария ауданының түпкі тарихы колхоздастыру кезеңінен бастау алады. Қазан революциясының жеңісінен кейін алғашқы онжылдықта ауыл мен елді мекендерді әлеуметтік және экономикалық жағынан дамытуға ден қойды. Коммунистік партияның 1927 жылғы 2-19 желтоқсанда өткізілген XV съезінде Кеңестік Социалистік Республикаларындағы ауыл шаруашылығын дамыту жолдары талқыланды. Онда лениндік кооперативтер құру қағидасына сүйене отырып, ауыл шаруашылығын коллективтендіру жұмыстарын жүргізу шешімі қабылданды. Міне, сол жылы үш машина жобалау пункті Шиеліде, Талсуатта, Тереңөзекте құрылады. Оларда бас-аяғы 96 ауыл шаруашылығы машинасы болған екен. Бұл ұжымдық шаруашылықтар сол кезеңде 13 мың десятинадан астам жерді өңдеп, егін еккен. Тереңөзек кентінің тарихы осы 1927 жылғы машина жобалау бекетінен басталған деуге негіз бар.

Ел тәуелсіздік алған соң, 1997 жылы Тереңөзек ауданы Сырдария ауданы болып қайта аталды. Орталығы Тереңөзек қыстағы болды. Ауданға Аманкелді ауылы және Айдарлы, Бесарық, Қоғалыкөл ауылдық округтеріне қарасты елді мекендер берілді.

Ырыс пен ынтымақтың қайнар бұлағына айналған ауданның өндіріс орындары өркендеп, ауыл шаруашылығы дамыған өңір ретінде танылып келеді. Жыл сайын ауыл шаруашылығы бойынша көшбасшылар қатарында келетін ауданның әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени саладағы жетістіктері бір төбе. Тереңге бармай-ақ, кеңес заманында береке мен байлықтың, дархандықтың киесіне айналған Сырдария ауданынан 2 Кеңес Одағының Батыры мен 8 Социалистік Еңбек Ері шықты. Беріде Қазақстанның Еңбек Ері атағына ие азамат та – осы ауданның тұрғыны.

Жалпы Президенттің тапсырмасымен, аймақ басшысының қолдауымен мемлекеттік бағдарламалар аясында ауданда жоспарланған ауқымды шаралар жүзеге асырылып, әлеуметтік-экономикалық бағытта тұрақты өсім байқалады. Бүгінде экономикалық белсенді халық саны 15 406, жұмысқа орналасқандар саны – 2068. Ал шаруашылық жүргізуші 2573 субъектілер тіркелген. Оның ішінде 138 заңды тұлға, 1298 шаруа қожалығы, 1137 дара кәсіпкер бар.

СЫРДАРИЯ АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ, КӨРНЕКТІ ОРЫНДАРЫ



АСАНАС ҚАЛАШЫҒЫ

Сырдария ауданы Айдарлы ауылынан батысқа қарай 15 шақырымда орналасқан. XII-XV ғасырлармен мерзімделеді.

Асанас – орта ғасырлардан сақталған көне қаланың орны. Сырдария өзенінің сол жағалауында Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. Моңғол шапқыншылығы кезінде жауға табанды қарсылық көрсеткендіктен жермен-жексен қиратылып, халқының көпшілігі қырғынға ұшыраған. Сырдарияның бойындағы басқа да қалалар сияқты көп ұзамай қайта қалпына келтіріліп, XIV-XV ғасырларға дейін өмір сүрген.



ҚЫШҚАЛА ҚАЛАШЫҒЫ

Сырдария ауданы, Қоғалыкөл ауылынан шығысқа қарай 2 шақырымда орналасқан. XIII-XV ғасырлармен мерзімделеді.

Қышқала қалашығы Баршынкент, Барчинлыгкент, Барджинлигкент, Қызқала деп те аталады. Алтын Орда кезеңінде қала ірі сауда-саттық орталығы болған. Бұл шаһар жөнінде алғаш рет 1242 жылы итальян саяхатшысы Рубрук жазып қалдырған делінеді. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан қала жайында Қышқала деп аталғанымен қаланың тарихи аты ұмыт қалған.

Профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың ел аузындағы аңызға сүйеніп, бұл қала Алпамыс батырдың жары Гүлбаршынды қалдырып кеткен шаһар екендігін еске салған. Кейбір жазба деректерде бұл қала ертеректе Баршынкент деп те аталған екен. Қышқала жайлы XV ғасырдан кейін жазба деректердің кездеспеуі Сыр арнасы өзгергеннен кейін халықтың өзге жаққа қоныс аударуымен байланысты сияқты. Бұл ескерткіштің ерекшелігі мұндағы әрбір құрылыс нысандары күйдірілген қыштан салынып, діни ғұрыптық ғимараттары глазуrlenген қыш жапсырмалармен қапталғандығын атап өтуге болады.



ҚАЛЖАН АХУН МЕШІТ-МЕДРЕСЕСІ

Сырдария ауданы, Қалжан ахун ауылынан батысқа қарай 12 шақырымда орналасқан.

Мешіт-медресе XIX-XX ғасырларға тән «кірпіштік» стиль дәстүрінде салынған. Мұнда елімізге белгілі дін қайраткері Қалжан ахун Бөлекбайұлы ислам дінін насихаттап, шәкірт тәрбиеледі. Туристік әлеуетінің жоғары болуымен ерекшеленеді.

СЫРДАРИЯ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ



Сырдария аудандық салық инспекциясы Қазақ КСР Қаржы Министрлігінің 1990 жылғы 16 наурыздағы №Л-4640 бұйрығы негізінде құрылған. Облыс аумағында 849,3 мың. халық шоғырланса, оның ішінде, Сырдария ауданында 34,2 мың. халық, яғни халықтың 4,0% үлесі аудан өңірінде мекендейді.

Аудан бойынша кәсіпкерлік қызметпен 2,6 мың. адам аумақтың экономикасының дамуына өз үлестерін қосып отыр. 2024 жыл қорытындысымен салықтық түсімдер бойынша Сырдария ауданының үлесі 1,2%, яғни 7,8 млрд.теңге бюджетке түсім қамтамасыз етіліп, өткен жылмен салыстырғанда түсім қарқыны 117,1% немесе 1,1 млрд.теңге артығымен түсім түсірілді.

2025 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен 2,2 млрд.теңге бюджетке түсім түсіріліп, түсім қарқыны 109,5% немесе 193,7 млн. теңге артығымен қамтамасыз етілді.

*Сырдария ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер
басқармасының басшысы
Н.Нұрсейтов*



ШИЕЛІ АУДАНЫ

Құт-береке дарыған, ырыс-баққа жарыған, жері шұрайлы, елі шырайлы Сырдың қасиетті өңірінің бірі – Шиелі. Шыққан күннің шапағындай шуақты ауданның қуатты экономикасы халыққа қуаныш сыйлаған.

Ресми құжаттар бойынша 1928 жылы ҚазақССР Кеңесі қаулысымен дербес аудан орталығы болып шаңырақ көтерген.

Шиелі ауданының жалпы жер көлемі 3239755 гектар. Қазіргі таңда аудандағы 39 елді мекенде барлығы 85772 адам тұрады. Оның ішінде кент орталығында 36127 адам, ауылдық елді мекендерге 49645 адам қоныстанған. Тарихы ғасырлар қойнауына бойлайтын Ұлы даланың сырлы Сырдариясы мен қарт Қаратау аралығындағы осы бір мекенге Шиелі елі ежелден-ақ орнығып, жер еміп, мал төлдеткен. Атакәсібінен ризық-несібесін айырған қасиетті мекен еткен.

1992 жылы Қазақстанда елді басқару жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізіліп, әкімшілік жүйе қалыптасты. 1994 жылдан бастап нарықтық экономика саясатына қарай кіші шаруашылықтар таратылып, жеке меншікке жол ашылды. 1995 жылы аудан басшылығына Жарылқасын Тұрабаев келіп, заманауи іскерлік қатынастар дамыды.

1998 жылы ауданның орталық алаңына Түркі жұртының көсемі Мұстафа Шоқай ескерткіші орнатылды. 2001-2008 жылдары Шиелі кентіне «Жиделі» топтық су құбырымен таза су келді. «Иіркөл» кен өндіру кешенінің жұмысы басталды. «Полимерхимпродукт» ЖШС өндіріс мекемесі ашылды. Осы жылдары ауданда 180 тұрғын үй салынды. Ваннади кен орыны, «Қазвернал» ЖШС қиыршық тас шығаратын зауыты іске қосылды. 2008-2013 жылдары жас, талапшыл Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың келуі жаңаша тың бастамаларға жол ашты. Инфрокұрылымның дамуына серпін беріп, кент орталығында, ауылдарда көше тазалығы мен абаттандыруға айрықша көңіл бөлінді. Осы жылдары ауданда жаппай кәсіпкерліктің дамуы байқалып, халықтың нарықтағы орны нығая түсті.

Ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындары өткен жылдың 9 айында 56 млрд 839 млн теңгенің өнімдерін өндірді. Өңдеу өнеркәсібі өнімі көлемі 27 млрд 80 млн теңгеге жетіп, 136,6 пайызды құрады. Негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі 29 млрд 987 млн теңгені құрады. Жалпы құрылыс жұмыстарының көлемі 10 млрд 815 млн теңгеге жетті. Бөлшек сауда көлемі 9 млрд 79 млн теңге болып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 107,7 пайызды құраған.

Шиелі өндірісі мен өнеркәсібі жағынан да өзге аудандардан көш ілгері. Республика бойынша санаулы жерден ғана бой көтерген цемент зауытының біреуі ауданда орналасуы – үлкен жетістік.

ШИЕЛІ АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ, КӨРНЕКТІ ОРЫНДАРЫ

Сауысқандық петроглифтері

Шиелі ауданы, Еңбекші ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырымда орналасқан. Сауысқандық петроглифтері тарихы терең археологиялық ескерткішпен қоса, табиғат ландшафтысы ерекше туристік нысандардың бірі.

Петроглифтердің мерзімделу немесе хронологиялық шекараларын ашып көрсету мәселелеріне келетін болсақ, мұндағы суреттер ежелгі қола дәуірінен бастап ортағасырлық кезеңдер мен кейінгі қазақ гравюраларына дейінгі аралықты қамтиды. Негізгі мотивтері-антропоморфтық фигуралар, бұқалар, арбалар, түйе және де басқа аң-құстары бейнеленген символдар. Бұлардың барлығы әртүрлі сюжеттермен композицияларға біріккен, сан алуан тұрмыстық діни таным, мифологиялық ой-өрістермен тікелей байланысты.



Оқшы ата кесенесі

Шиелі ауданы, Бәйгеқұм ауылынан шығысқа қарай 5 шақырымда орналасқан. Кесене XI ғасырда салынған.

Кесене туралы мәліметтер В.Каллаур, И.Кастанье, А.Ниязов, Ә.Қоңыратбаев еңбектерінде кездеседі. Қазақ жеріндегі оғыз – қыпшақ кезеңінен сақталған бірден бір кесенелердің бірі. Мазарға жерленген кісінің аты Ибраһим шайхы. Лақап аты – Көгентүп, Оқшы ата – кейін ел қойған есімі. Оқшы ата XI ғасырда өмір сүрген, халықты жаудан құтқарып, елдің болашағы үшін күрескен ұлы тұлға. Оқшы ата кесенесі орналасқан үлкен қорым Ғайып ата, Қыш ата, Асан ата, Есабыз ата, Досбол би, Бала би сынды әулиелер жерленген қасиетті орын ретінде маңызға ие.



Шиелі ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы



Еліміздің салық саясаты сонау реформа басталған 1991 жылдан бері түрліше өзгерістермен жетілдіріле түсті, дамыта түсетін тұстар әлі де баршылық. Себебі салық жүйесі – әлеуметтік экономиканы, инвестициялық стратегияны, сыртқы экономикалық қызметті, өндірістегі құрылымдық өзгерістерді және басым салаларды мемлекеттік реттеудің тетігі. Бұл салаға неғұрлым белсенді қатысып, жауапты қарау шынайы нәтижеге жетелері сөзсіз. Мұны Шиелі ауданындағы сала мамандары үнемі қаперде ұстауда. Бүгінде Шиелі ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы жылдан-жылға салық төлеушілермен жұмысты жетілдіріп, салық түсімі де көбейту бағытында еңбек етуде.

Қазіргі уақытта Мемлекеттік кірістер басқармасының есебінде 829 заңды тұлға, 6 241 жеке кәсіпкерлер мен 748 шаруа қожалық, 69 009 жеке тұлға есепте тұрады. Мамандар заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлердің және жеке тұлғалардың табыс салығы, әлеуметтік салық, мүлік, жер, көлік құралдары салықтары мен бюджетке төленетін басқа

да міндетті төлемдерді қадағалайды. Жұмыстың мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттеріне сәйкес жүруін, салық төлеушілерге жауапты мамандардың сапалы қызметін қамтамасыз етуге мүдделі.

Шиелі ауданында 75,1 мың халық, яғни халықтың 8,8% үлесі аудан өңірінде мекендейді. Аудан бойынша кәсіпкерлік қызметпен 5,4 мың. адам аумақтың экономикасының дамуына өз үлестерін қосып отыр.

2024 жыл қорытындысымен салықтық түсімдерден Шиелі ауданының үлесі 1,8%, яғни 6.2 млрд. теңге бюджетке түсім қамтамасыз етіліп, өткен жылмен салыстырғанда түсім қарқыны 125,0% немесе 1,2 млрд.теңге артығымен түсім түсірілді.

2025 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен 2.0 млрд.теңге бюджетке түсім түсіріліп, түсім қарқыны 126,3% немесе 417,7 млн. теңге артығымен қамтамасыз етілді.

Шиелі ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Е.Абдрахманов



ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ

Жаңақорған ауданы 1928 жылы 17 қаңтарда құрылған. Сол жылы Сырдария губерниясы тарап, Қызылорда, Сырдария округтері ашылды. Осыған байланысты бұрынғы Төменарық, Жаңақорған, Сауран, Өзгент болыстарының ізімен Жаңақорған ауданы құрылды. Ауданның жер көлемі 16,6 мың шаршы шақырым, бұл – облыс жер көлемінің 6,8 пайызы. Халықтың орташа тығыздығы бір шаршы шақырымға 4,5 адамнан келеді. Жаңақорған ауданы теміржол мен халықаралық «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» күре жолының бойында жағалай қоныстанған. Аудан орталығы мен ауылдар, елді мекендер аралығын автожол мен теміржол жалғайды.

Аудандық салық жүктемесінің басым көпшілігі өндіріс орындарына тиесілі. Өткен жылы олардан аудандық бюджетке 1 244 199 000 мың қаржы құйылды. Жеке-жеке талдасақ, «БАЙКЕН-У» – 15,6 процентін, «Қызылқұм» ЖШС «Хорасан-І» кеніші – 20,9, «СКЗ-У» ЖШС – 9,9 және «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ – 3,4 процентін құрайды. Өндіріс орындары салық төлеуге сергек қарап, уақытылы төлеп тұрады.

Сыр өңіріндегі үлкен өндірістік-инновациялық жобасының бірі – қорғасын, мырыш өндіретін Шалқия кенішін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік Қоғамы және Еуропа қайта құру және даму банкінің қаржылай қолдауының арқасында кен байыту фабрикасы салынып, алыс-жақын шет елдерге өнімі экспортталмақ. Жалпы, өндіріс орны іске қосылғанда облыстың әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің артуына, жұмыссыздық деңгейі қысқаруына жағдай жасайды. Сондықтан, Шалқияның мәселесі облыс әкімінің назарынан түскен емес.

Өндіріс ошақтары тұрғылықты жердегі ауыл халқының әлеуметтік мүмкіндігін арттыру мақсатында қайырымдылық шараларан жиі ұйымдастырып тұрады. Мәселен, «СКЗ-У» ЖШС ел экономикасына үлес қосумен бірге әлеуметтік жауапкершілікті де қатар алып келеді. Қайырымдылық, демеушілік шараларынан қалыс қалған кезі жоқ. Мәселен, 2016-2022 жылдары серіктестік бұл бағыттағы шараларға 32 млн. теңгеден астам қаржы бөлсе, биылдың өзінде «Жебеуші» қорына 2 млн. теңгеден астам қаржы аударды.

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ, КӨРНЕКТІ ОРЫНДАРЫ

СЫҒАНАҚ ҚАЛАШЫҒЫ

Жаңақорған ауданы Сунақата ауылынан солтүстік-батысқа қарай 2 шақырымда орналасқан. X-XVIII ғасырлармен мерзімделеді.

Ортағасырлық деректерге қарағанда, қала XI-XIII ғғ. ДЕШТІ-Қыпшақ елінің, XIII-XIV ғғ. Ақ Орданың, XV-XVII ғғ. Қазақ хандығының елордасы болған. Түрлі тарихи кезеңдерді басынан өткізген қала XVIII ғасырға дейін өмір сүргені мәлім. Сығанақтың «Қыпшақ даласының айлағы» деп аталуы әйгілі Ұлы Жібек жолы бойындағы қаланың шаруашылығы мен әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары деңгейде дамығандығын аңғартады.

Сығанақ қаласы өз заманында мәдениеті өркендеген, өнері өрістеген ірі рухани білім орталықтарының бірі болды. Алтын Орда дәуіріне жататын елеулі туындылардың бірі – «Хұсрау мен Шырын» поэмасы (авторы: Құтб шайыр) осы Сығанақ шаһарында жазылды. Сондай-ақ, деректерде шығармалары шығыстық ақыл-ой жауһарлары санатында аталатын дарынды ғұлама Нисамиддин Сығнақидің осы қалада дүниеге келгендігі айтылады.

Бүгінгі күні Сығанақ қалашығында ашық аспан астындағы мұражайдың алғышарты жасалып, консервацияланған нысандарды: қорғаныс қабырғалары мен мұнараларын, қақпасын, тұрғын үй орындарын көруге болады. Сондай-ақ, қалашықтың тарихи кезеңдері бейнеленген



ҚЫҒАНАҚ БҒА БҒАЛАРЫ БОЙ КЕТЕРГЕН

ТӨЛЕГЕТАЙ-ҚЫЛЫШТЫ АТА КЕСЕНЕСІ

Жаңақорған ауданы, Қыркөңсе ауылынан оңтүстікке қарай 7 шақырымда орналасқан. Кесене 2008 жылы салынған.

Кесене өз заманының батырлары, ел бірлігін ту еткен, әрі ерекше қасиетке ие әулие болған, бірін-бірі құрмет тұтқан Төлегетай мен Қылышты жерленген орынға тұрғызылған. Кешен елімізге белгілі сәулетші Бек Ибраевтың жобасы бойынша тұрғызылған. Қасиетті орын дертіне шипа іздегендерге Алланың күшімен шипа беріп отыратындығымен ерекшеленеді.





ҚОРАСАН АТА КЕСЕНЕСІ

Жаңақорған ауданы, Жаңарық ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 20 шақырымда орналасқан. Кесене XIX ғасырдың аяғында салынған.

Қорасан ата – Сырдарияның төменгі ағысына келген алғашқы ислам миссионерлерінің бірі. Қорасан ата таңғы намазын өз мешітінде, екінші парызын Меккеде оқитын ерекше қасиетке ие болғандығын халық арасында түрлі аңыз-әңгімелерден естуге болады. Туристік әлеуетінің жоғары болуымен ерекшеленеді.

АҚТАС МЕШІТІ

Жаңақорған ауданы, Бесарық стансасынан оңтүстікке қарай 6 шақырымда орналасқан. Мешіт 1884 жылы салынған.

XIX ғасырға тән ерекше сәулетке ие құрылыстардың бірі. Мешітті өз заманында атты елге тараған озық ойлы, діни сауатты тұлға Айқожа ишанның ұлдары Ибадулла, Атамағзұмның бастамасымен тұрғызылған. Халық зиярат жасайтын қиелі орын ретінде ерекше маңызға ие.



АЙҚОЖА КЕСЕНЕСІ

Жаңақорған ауданы, Бесарық ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 11 шақырым жерде орналасқан. Кесене XVIII-XIX ғасырларда салынған.

Кесене 1773-1857 жылдар аралығында өмір сүрген, өз заманында аты елге тараған озық ойлы, діни өте сауатты, мешіт ұстаған әулие кісі Айқожа ишанның жерленген орнына тұрғызылған. Сыр өңіріндегі көрнекті ескерткіштердің бірі. Халық зиярат жасайтын қиелі орын ретінде ерекше маңызға ие.

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ



Жаңақорған ауданының кәсіпкерлік саласы тың жобалар мен жаңалықтардан құралақан емес. Түрлі кәсіпкерлік, басқа да жобалар мемлекет қаржысын күтпей, демеуші арқылы жанданып келеді. Ауданның жер қойнауында көптеген қазба байлығы жатыр. Қаратаудың Өгізмүйіз сілемінде жатқан Уран өндіруші «Қызылқұм», «Байкен-У», күкірт қышқылын өндіретін «СКЗ-У» ЖШС, қорғасын-мырыш кенін өндіретін «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ, қиыршық тас өндіретін «КДСМ Қыран», «УАД», «Сарман Тастақ Жаңақорған», әк өндіретін «Премиум Класс-Строй», «ОСТ», «Қуат Әк» кәсіпорындары заман талабына сай жаңа технологиялар мен құрал-жабдықтарды қолдану арқасында табыс әкеліп отыр. Бүгінде бірнеше инвестициялық жобаның іске асырылып, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік жанданды. Бұл – салық түсіміне оң өзгеріс әкелетін бірден-бір фактор.

Аудан көлемінде табиғи минералды емдік қасиетімен ерекшелінетін «Жаңақорған шипажай» АҚ, «Шипажай-Жаңақорған» ЖШС, «Орда-Сығанақ» ЖШС мекемелері жұмыс істейді. Мұнда келушілер жыл санап артып, өз екезегінде бюджет көлемінің едәуір бөлігін толықтыруда сүбелі үлесін қосып келеді.

Сонымен бірге туризм әлеуеті алдағы уақытта кіріс көзінің тағы бір баламасына айналуы мүмкін. Себебі өңірде тарихи кесенелер мен ұлттық жәдігерлер жетерлік. Бұл өз кезегінде туризмді дамыту арқылы шағын және орта бизнесті өрістетуге жол ашпақ.

Жаңақорған ауданында 81,1 мың. халық, яғни халықтың 9,5% үлесі аудан өңірінде мекендейді. Аудан бойынша кәсіпкерлік қызметпен 5,8 мың. адам аумақтың экономикасының дамуына өз үлестерін қосып отыр. Бүгінгі күнге заңды тұлғаның саны 744, жеке кәсіпкерлердің саны 6575-ке жетті.

2024 жыл қорытындысымен салықтық түсімдер облыс бойынша 333,2 млрд.теңге түсім түссе, оның ішінде Жаңақорған ауданының үлесі 1,7%, яғни 5,580 млрд.теңге бюджетке түсім қамтамасыз етіліп, өткен жылмен салыстырғанда түсім қарқыны 122% немесе 1,1 млрд.теңге артығымен түсім түсірілді.

2025 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен 1,3 млрд.теңге бюджетке түсім түсіріліп, түсім қарқыны 107,9% немесе 100,0 млн. теңге артығымен қамтамасыз етілді.

*Жаңақорған ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы **Қ.Мусаев***



ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ – АРДАГЕРЛЕР!



Сын сәтте сүрінбеген сала

Егемен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму процесінде қаржы жүйесінің маңызы зор. Әсіресе, ел қазынасының қалыптасуы, бюджеттің кіріс бөлімінің сапалы орындалуы, халықтың әл-аухатының күре тамыры салық жүйесіне тікелей тәуелді. Сондықтан аталған бағыттың салмағы ерекше екені сөзсіз.

Қазіргі таңда Мемлекет басшысы салық саясатына үлкен мән беріп, бұл құрылымның аяғынан тік тұруына айрықша қамқорлық көрсетуде. Өндірісті өркендетуге, кәсіпкерліктің дамуына жол ашатын индустриялық-инновациялық бағдарламалар бастау алды. Ауылшаруашылығын дамытуға арналған жобалар сәтті жалғасып келеді. Осының нәтижесінде салық жүйесінде ашықтық, әділдік, теңдік ұғымы салтанат құрып, жаңа реформалар өмірге келді. Облыста бюджет түсімі ұдайы алдыңғы көштен қалысқан емес.

Оның басты себепкері қай кезеңде болса да салық саласы, кеден саласы қызметкерлерінің қажырлы еңбегі, тыңғылықты ісі, кәсіби шеберлігі мақтауға тұрарлық. Сала мамандарының облыс экономикасының өркендеуіне, халықтың әл-ауқатының көтерілуіне қосқан сүбелі үлесі орасан. Салық, қаржы саласының ардагері ретінде қаржы жүйесінде, оның ішінде кірістер органдарында қызмет істеп жатқан әріптестерімді мерейлі қуанышпен құттықтаймын. Ең бастысы, амандық пен абырой тілеймін. Қай уақытта ел қазаны мол болып, халық игілігі жолында атқарған іс берекелі болсын!

Дайрабай ЫСАҚОВ,
салық қызметінің үздігі
салық, қаржы саласының ардагері
Қызылорда облысы бойынша МКД Ардагерлер төрағасы





АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ



ТҮСІНДІРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ СЕМИНАРЛАР



**С.МҰСТАФАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖЫЛ ҚЫЗМЕТКЕРІ ЖӘНЕ ТОҚСАН САЙЫН
ЕРЕКШЕЛЕНГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР - БІЗДІҢ ҮЗДІКТЕРІМІЗ**



БАЛАЛАР БІЗДІҢ – БОЛАШАҒЫМЫЗ!



БАЛАЛАР БІЗДІҢ – БОЛАШАҒЫМЫЗ!



ДЕПАРТАМЕНТТЕ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР!





СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ!







Укрепление системы управления рисками в таможенной сфере: приверженность Казахстана через сотрудничество с ВТамО

В последние годы важность систем управления рисками в деятельности таможенных органов привлекает все большее внимание на глобальном уровне. По мере роста объёмов и сложности международной торговли, таможенные службы по всему миру сталкиваются с необходимостью находить баланс между содействием законной торговле и обеспечением безопасности на границах. Это усиливает потребность в использовании основанных на анализе данных и разведывательной информации методов управления рисками, которые повышают эффективность и минимизируют такие угрозы, как контрабанда, мошенничество и уклонение от уплаты платежей.

Казахстан не является исключением из этой глобальной тенденции. Как страна, стратегически расположенная на ключевых торговых коридорах, Казахстан осознаёт необходимость модернизации и усиления таможенного контроля. Эффективная система управления рисками рассматривается не просто как технологическое усовершенствование, но и как стратегический инструмент содействия торговле, обеспечения поступлений в бюджет и укрепления национальной безопасности. В течение последнего года Комитет государственных доходов (КГД) Казахстана продемонстрировал твёрдую приверженность этой задаче, реализовав ряд мероприятий по наращиванию потенциала в сотрудничестве с Всемирной таможенной организацией (ВТамО).

Создание основ: предыдущие семинары ВТамО в 2024 и 2025 годах

До последней инициативы Казахстан уже активно взаимодействовал с ВТамО в области развития управления рисками. Вехами этого сотрудничества стали заседания Рабочей группы Программы подготовки тренеров ВТамО, проведённые с 30 сентября по 4 октября 2024 года и с 3 по 7 февраля 2025 года. Эти мероприятия были направлены на формирование группы национальных экспертов – «ведущих тренеров» по вопросам управления таможенными рисками.

Сессии охватывали как теоретические, так и практические аспекты УР: идентификацию угроз, методы профилирования и разработку учебных программ. Участники изучали тематические кейсы, получали наставничество от международных экспертов и работали над приведением практик Казахстана в соответствие с международными стандартами. Эти семинары заложили основу для дальнейшего национального вовлечения и создали импульс для более целенаправленных мероприятий на уровне оперативной деятельности.

Семинар ВТамО по управлению рисками в Астане, 12–14 мая 2025 года



Развивая достигнутые ранее результаты, с 12 по 14 мая 2025 года в Астане состоялся семинар ВТамО по совершенствованию системы управления рисками при таможенном контроле. Его цель заключалась в углублении практического применения методов управления рисками в повседневной работе таможенных органов Казахстана.

Семинар был организован ВТамО в тесном сотрудничестве с КГД Казахстана при поддержке Китайского фонда таможенного сотрудничества (CCF China), который обеспечил финансовую и логистическую поддержку мероприятия. В семинаре приняли участие 30 таможенников из различных регионов страны, представлявших широкий спектр профессионального опыта и компетенций.

Семинар провели три признанных эксперта ВТамО в области управления рисками:

Мохан Пудасайни (Таможенная служба Непала)

Андерс Альпстен (Таможенная служба Швеции)

Срея Хонг (Таможенная служба Камбоджи)

На протяжении трёх насыщенных дней участники принимали участие в презентациях, практических упражнениях и интерактивных обсуждениях, охватывающих следующие ключевые темы:



Классификация участников ВЭД: создание структурированного подхода к разграничению добросовестных и недобросовестных участников, что позволяет проводить целевые проверки и рационально распределять ресурсы.

Внутренние угрозы: изучение стратегий выявления и предотвращения внутренних уязвимостей, включая коррупцию и утечки информации.

Международная почтовая логистика: анализ рисков, связанных с малыми почтовыми отправлениями и электронной коммерцией, часто используемыми для занижения стоимости, недостоверного декларирования и незаконной торговли.

Интерактивные панели риск-профилирования: внедрение визуальных инструментов и анализа данных для поддержки принятия решений в реальном времени и повышения гибкости контроля.

Одним из наиболее инновационных аспектов семинара стало рассмотрение применения искусственного интеллекта (ИИ) в управлении рисками. Эксперты продемонстрировали, как технологии ИИ – включая алгоритмы машинного обучения и прогнозной аналитики – уже применяют-



ся в таможенных службах мира для автоматического профилирования, выявления аномалий и прогнозирования высокорискового поведения. Были приведены примеры использования этих технологий в странах – членах ВТамО, что позволило участникам получить представление о реальных преимуществах ИИ в повышении точности выявления угроз при одновременном снижении нагрузки на инспекторов.

Помимо технического содержания, семинар стал важной площадкой для обмена опытом и налаживания профессиональных связей. Участники делились практическими случаями из регионов, обсуждали сложности внедрения риск-ориентированных подходов и получали рекомендации от международных коллег. Такое сочетание глобальных и местных перспектив способствовало адаптации новых идей к условиям Казахстана.

Фасилитаторы подчеркнули значение устойчивости результатов, призвав участников применять полученные знания в своей повседневной работе и делиться ими с коллегами. Это соответствует целям Программы подготовки ведущих тренеров, способствуя созданию национальной сети специалистов, способных возглавить преобразование таможенных органов страны к более интеллектуальной и адаптивной модели.

Таким образом, семинар ВТамО по управлению рисками, прошедший в мае 2025 года в Астане, стал важной вехой на пути Казахстана к модернизации таможенной системы. Оснащение сотрудников передовыми инструментами, международным опытом и практическими навыками не только укрепило технический потенциал, но и способствовало формированию культуры риск-ориентированного мышления.

Благодаря постоянной поддержке ВТамО и партнёров, таких как CCF China, а также на основе фундаментальной подготовки по программе ведущих тренеров, Казахстан уверенно движется к созданию более стратегически ориентированной, основанной на данных и скоординированной системы таможенного администрирования. Эти усилия позволят стране усилить своё участие в региональном торговом сотрудничестве, обеспечить безопасность границ и повысить экономическую конкурентоспособность в будущем.

Авторы:

Бейбіт Жәмиля Бейбітқызы – Руководитель отдела организации деятельности
Регионального учебного центра ВТамО КГД МФ РК

Кажатова Загина Руслановна – Ведущий специалист отдела организации деятельности
Регионального учебного центра ВТамО КГД МФ РК



Қасымқұлова Ләззат Тұрдақызы,

*ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті
Оқу – әдістемелік орталығы басшысының орынбасары*

BRITACOM Халықаралық серіктестігі: салықтық әкімшілендірудің цифрлық трансформациясы

2025 жылғы 19-22 мамыр аралығында онлайн – форматта britacom халықаралық семинары өтті-цифрлық дәуірдегі салықтық әкімшілендірудің болашағын талқылауда әлемнің түкпір-түкпірінен салық мамандарын біріктірген ауқымды оқиға. Ұйымдастырушылар BRITACOM халықаралық ұйымы («Бір белдеу – бір жол» бастамасына қатысушы елдердің салық әкімшіліктерінің ынтымақтастық тетігі) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Оқу – әдістемелік орталығы болды.

Төрт күн ішінде семинардың виртуалды залдары 30 елдің сараптамалық дауыстарымен толтырылды, олардың жиырмадан астамы BRI (Belt and Road Initiative) бастамасының

қатысушылары болды. Оңтүстік Азиядан Шығыс Еуропаға, Таяу Шығыстан Орталық Азияға дейін әр түрлі мемлекеттердің салық салушылары тәжірибелерімен бөлісті, сұрақтар қойды, шешімдер іздеді. Оларды ортақ күн тәртібі біріктірді: бақылауды жоғалтпай, бірақ икемділік пен ашықтыққа ие бола отырып, салық саласына цифрлық технологияларды қалай тиімді және қауіпсіз енгізу керек.

Әр күн цифрлық трансформацияның жеке аспектісіне арналды:

19 мамыр-салық жүйелерін реформалау стратегиялары және әкімшіліктің оңтайлы модельдерін іздеу;

20 мамыр-қатысушы елдердің тәжірибесінен цифрлық құралдар мен нақты кейстер;

21 мамыр-ақпараттық қауіпсіздік мәселелері және өсіп келе жатқан киберқауіптер жағдайында салық деректерін қорғау;

22 мамыр-ҚХР-ның салық жүйесін толық цифрландыру бағытындағы жолына бірегей көзқарас.

Семинар көп тілді қолдаумен ерекшеленді. Негізгі тіл қытай тілі болды, бірақ қатысушыларға ағылшын, француз және орыс тілдеріндегі синхронды аудармалар қол жетімді болды. Қазақстандық тараптың қосқан үлесін атап өту өте маңызды-ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығының орыс тіліне аударуды қамтамасыз еткен мамандарының арқасында орыс тілді қатысушылар Барлық материалдар мен пікірталастарға толыққанды қол жеткізді.

Айта кетейік, олардың саны 169 адамды құрады, олардың ішінде орталық аппаратты да, мемлекеттік кірістер органдарының аумақтық бөлімшелерін де қамтитын Қазақстан Республикасының 161 өкілі бар. Қалған мүшелер Грузияның кірістер қызметі (7 адам) және Иранның кірістер қызметі (1 адам) болды.

Семинар аяқталғаннан кейін барлық қатысушыларға Қытай Халық Республикасының кірістер қызметі берген ресми сертификаттар – олардың қатысуы мен кәсіби қызығушылығын мойындау белгісі табысталды.

Бірақ Қазақстанның BRITACOM-пен ынтымақтастығы тек онлайн-форматпен ғана шектелмейді. Бұған дейін, 2025 жылғы 24-25 сәуірде Бейжіңде BRITACOM Кеңесінің отырысы өтті, онда біздің елімізді ОӘО бас маманы Жунусбек Артурович Калиев ұсынды. Отырыс BRITA Beijing мамандандырылған оқу орталығы – хуайроу ауданындағы аудиториялар, конференц-залдар, кітапхана, кампус саябағы және тыңдаушыларға арналған тұрғын үй ғимараттары бар дамыған инфрақұрылымы бар ауқымды кампус базасында өтті.

Отырыс аясында Жунусбек Өңірлік салық орталығының (BRITA Astana) 2019-2025 жылдардағы жұмысы туралы егжей-тегжейлі баяндама жасап, қазақстандық тараптың BRITACOM білім беру және үйлестіру платформасын дамытуға қосқан үлесін атап өтті.

Сондай ақ ОӘО атынан ынтымақтастықты дамыту бойынша ұсыныстар енгізілді:

- сарапшылар пулын кеңейту және басқа өңірлік салық орталықтарының қатысуымен бірлескен оқыту іс-шараларын ұйымдастыру;

- орыс тілді қатысушылар үшін аудармаларды қамтамасыз ету және халықаралық білім беру бағдарламаларына қосылу;
- Хатшылықпен жедел байланыс үшін әлеуметтік желілерде мамандандырылған топ құру;
- білім беру мазмұнының сапасын арттыру үшін орталықтар арасында оқытушылар алмасуды жандандыру.

Бұл бастамалар оң жауап алды және BRITACOM-тың аймақаралық өзара іс-қимылды тереңдету жөніндегі жоспарларының бір бөлігі болды.

Осылайша, Қазақстан жаһандық салық диалогының белсенді қатысушысы мәртебесін және фискалдық институттарды цифрлық дамытуға бейілділігін тағы да растады. ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығы кәсіби даярлықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етіп қана қоймай, халықаралық салықтық интеграцияға ықпал ететін шешімдерге бастамашылық жасайды.

Экономиканы жедел цифрландыру жағдайында мұндай қадамдар жай ғана пайдалы емес, қажет болады. BRITACOM және Қазақстан бір бағытта – салық салу ақылды, ашық және болашаққа бағдарланған бағытта жүреді.



A large yellow sun with rays is centered in the upper half of the page. Below the sun, two yellow hands are shown in a gesture of offering or support. The background is a light blue sky with a subtle pattern of white clouds. The bottom half of the page shows a close-up of a calculator and a pen, suggesting a financial or administrative context.

Біз Веб-журналдың әрбір оқырманын бағалаймыз!

Журналымызда өзекті, ақпараттық және жан-жақты контент ұсынуға тырысамыз.

Сіз де Веб-журнал мақалаларын қалыптастыруға қатыса аласыз. Кәсіби өмірдегі оқиғаларды баяндау немесе Мемлекеттік кірістер органдарының қызметін жетілдіру бойынша өз ұсыныстарыңызды енгізе аласыз.

Біздің жұмысымыз туралы пікіріңізді немесе тілегіңізді umc01@mail.ru поштамызға жіберуге болады және ризашылығымызды білдіреміз!

Ескерту: «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі №451-І Заңына сәйкес, ұсынылатын материалдарға (баптарға) қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс;

**[@press_kyzmet_kgd](mailto:umc01@mail.ru)
umc01@mail.ru**



